

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 223 (9800)

1955 жылғы 10 ноябрь

Бейсенбі

Шығуына 36 жыл,
және саны 20 тыйын.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығы

Л. М. КАГАНОВИЧ жолдастың Москва Советінің салтанатты мәжлісінде 1955 жылғы 6 ноябрьде жасаған баяндамасы

I.

Жолдастар! Дүниежүзілік тарихта адамзаттың тағдыры үшін Октябрь революциясынан асқан ірі оқиға болған жоқ десек, мұның өзі асыра айтқандық болмайды. Тап күресінің 1917 жылғы Октябрьдегідей терең сыйпаты еш уақытта да болған емес және бұл күрестің толқыны осындай биік шыңға көтерілген емес.

Буржуазиялық революцияларда, халық бұқарасының қолымен және қанымен жасалған бұл революцияларда бұқара пайда таба қоймайды. Қанаушылықтың бір формасы басқа формамен ауысты, бірақ қанаушылықтың өзі қала берді, өйткені өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарын қанаушылардың жеке меншіктенуі бұлжымастан қала берді.

Қанаушылықты құрту үшін оның әділетсіз екенін түсіну ғана жеткіліксіз, оған қарсы наразылық білдіру ғана жеткіліксіз, мұны ұлы утопист-социалистердің істегеніндей, қоғамды социалистік жолмен өзгерту жоспарларын жасау ғана жеткіліксіз. Қанаушылықты түпкі тамырымен құрту керек.

Міне сондықтан да ұлы Маркс пен Энгельс былай деп атап көрсетті: коммунистер үшін «әңгіме жеке меншікті өзгерту жайында емес, қайта оны құрту жайында, тап қайшылықтарын бүркемелеу жайында емес, қайта таптарды құрту жайында, өмір сүріп отырған қоғамды жақсарту жайында емес, қайта жаңа қоғам орнату жайында болып отыр».

Бүгін, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығы күні, біз, Совет Одағының коммунистері мен бүкіл халқы, пролетариаттың ұлы ұстаздары Маркс пен Энгельстің бұл өсиетін аброймен орындағанымызды мақтан етеміз. (Қолшапалақтау).

Большевиктік партияның, оның көмеңгер көсемі Лениннің басшылығымен пролетариат пен еңбекші шаруалар помещиктер мен капиталистердің меншігін және олардың мемлекетін құртып, Совет өкіметін жеңіспен орнатты, қоғамды принциптік жаңа негізде қайта құрып, елімізде социализмді ойдағыдай орнатты.

Сан миллиондаған совет халқының 38 жылдық тәжірибесі тарихи жағынан дәурені өткен капиталистік меншіктен социалистік қоғамдық меншіктің артықшылықтарын практикада дәлелдеп берді.

Құлыққа түскен талай миллиондар қанаушыларды құлатуға ондаған және жүздеген рет әрекеттенді, бірақ жеңіліске ұшырап отырды. Тарихта құлдар мен плебейлердің өсте...

Лениннің, Сталиннің және олар құрған коммунистер партиясының ұлы еңбегі мынада: олар барлық еңбекшілер мен қаналушы бұқараның, ең алдымен шаруалардың көсемі болып табылатын жұмысшы табының ролі туралы өздерінің ілімін логикалық жағынан ақырына дейін жеткізді, «тап күресі пролетариат диктатурасына қажеті түрде бастайды» (Маркс) деген іліміне дейін жеткізді. «Таптар күресін мойындауды пролетариат диктатурасын мойындауға дейін жеткізетін адам ғана марксист, — деп жазды Ленин. — Маркстің кәдімгі толып жатқан ұсақ буржуадан (тіпті ірі буржуадан да) ең терең айырмасы да осында» (Шығармалар, 25-том, 426—427 беттер).

Міне, бұл марксизм-ленинизмдегі басты мәселе және Октябрь революциясындағы негізгі мәселе болып табылады. Партияның өкіметті жеңіп алуға пролетариатты әзірлеу жөнінде тынбастан жүргізген жұмысы, пролетариат қатарындағы оппортунизм мен опасыздықтың барлық түрлеріне қарсы жүргізген мейрімсіз күресі революцияны өкімет билігін — пролетариат диктатурасын жеңіп алуға дейін жеткізуді қамтамасыз етті. Міне бұл Октябрің жеңістерін баянды етіп, социализм орнатуды және біздің ұлы социалистік Отанымыздың халықтарының жеңісін қамтамасыз етті.

Революцияның ішкі және сыртқы жауларына қарсы күресте пролетариат диктатурасы өзінің бірінші жағын — өктемдік жағын көрсетті. Бірақ пролетариат диктатурасының мәнісі өктемдікпен тынбайды және

Коммунизмді құрып жатқан — ұлы совет халқы жасасын!

Коммунизм орнату жолындағы күресте совет халқының дем беруші және басшы ұлы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

1955 жылы өнеркәсіп өндірісінің дәрежесі мынадай болады: 1950 жылғымен салыстырғанда 184 процент, 1940 жылғымен салыстырғанда 318 процент; өндіріс құралдарын өндіру 1950 жылғыға қарағанда — 189 процент, тұтыну заттарын өндіру — 176 процент.

Алайда, табыстардың қорытындыларын шығара отырып, біз Лениннің өсиетін еске түсіруге тиістіміз. Ол «Ұлы революцияның жылдығын мейрамдаудың таңдаулы әдісі — оның шешілмеген мәселелеріне барынша назар аудару», деген еді. Бұл шешілмеген міндеттер біздің алдымызға Орталық Партия Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің бірқатар Қаулыларында қойылған.

Ауыл шаруашылығының мәселелері жөнінде біздің партиямыздың Орталық Комитеті өзінің пленумдарында Хрущев жолдастың баяндамалары бойынша бірнеше рет ауыл шаруашылығындағы кемшіліктерді сығна алып, бірқатар ірі-ірі қарарлар қабылдады.

Өнеркәсіп мәселелері жөнінде былайғы, 1955 жылғы, июльде Вулганин жолдастың баяндамасы талқыланып, көлемді қарар қабылданды, онда біздің өнеркәсібіміздің тез алға басуына кедергі болатын негізгі кемшіліктер ашылды. Сөйтіп оның жұмысын жақсартудың елеулі шаралары белгіленді.

Біздің өнеркәсібіміз, оның ішінде, әсіресе, өзіміз сүйікті перцентіміздей мәшелеп, коммунизмнің, Отанымыздың қорғанысы мен тәуелсіздігінің негіздерінің негізі деп өсірген ауыр өнеркәсіп өзін аброймен ақтады және ақтап келеді де.

Бірақ қол жеткен табыстар бізді қанағаттандыра алмай-

мен, жүкті көп тартатын вагондармен және автомобильдермен жабдықтау. Біз транспортшылар транспортта жаңа өрлеу тұрғызады деп сенеміз.

Октябрь революциясының 38 жылдығына біздің социалистік ауыл шаруашылығымыз жаңа жеңістермен желіп отыр. Колхозшы шаруалар Коммунистік Партияның қойған міндеттерін орындау жолында аянбай жұмыс істеп жатыр.

Партия соңғы жылдардың ішінде ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде үлкен-үлкен қарарлар және күшейтілген шаралар қолданды.

ССРО-да егіс көлемі 1950 жылғымен салыстырғанда 27 процент өсті, оның ішінде 30 миллион гектардан аса тын жерлер игерілді. 1954 жылғымен салыстырғанда жүгері егісінің көлемі 4 еседен де көп ұлғайды. Мал шаруашылығы өсіп келеді.

Біздің елімізде, ең алдымен мал шаруашылығын өркендету үшін, жүгерінің маңызы орасан зор екені, оның болашағы күшті екені кезір жұрттың бәріне айқын. Быйылғы, 1955 жылы, ауа райының жағдайы, әсіресе Қазақстанда, қолайсыз болғанына қарамастан, еліміз бойынша тұтас алғанда егіннің шығымдылығы өткен жылғыдан анағұрлым жоғары болды, — бірінші ноябрьге дейін астық 1954 жылдағыдан 129 миллион пұт артық дайындалды.

Алайда біз қол жеткенге қанағаттанып отырғанымыз жоқ, өйткені ауыл шаруашылығының кезіргі дәрежесі азық-түлікке және кездеме, аяқ киім және басқа халық тұтынатын заттар өндірісін ұлғайтуға қажет болып отырған шикізаттарға деген өскелең талапты қанағаттандырмайды. Ауылшаруашылық машиналарын өндіруде және пайдалануда, еңбекті үнемді ұйымдастыруда және әсіресе егіннің шығымдылығын арттыру жолындағы күресте өлі де болса елеулі кемшіліктер бар.

Болып отырған кемшіліктерді жою үшін бар күшті жұмсау қажет. Ең алдымен дөңді және техникалық дақылдардың шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығының өркендеуін қамтамасыз ету және техниканы пайдаланылуын жақсарту қажет. Мұның өзі колхозшылардың ауқаттылығын арттырады және еліміздің шикі зат пен азық-түлікке өскелең талабын қамтамасыз етеді.

Біз бұл міндеттерді қуатты колхоз құрылысы көтере алады деп сенеміз. (Ұзақ қолшапалақтау).

Біздің Партиямыз бен Үкіметіміз, бұрынғы сияқты, 1955



және қорғаныстары, шаруалардың көтерілістері және басқа революциялық қозғалыстар болғаны мәлім, бірақ бұлардың бәрі де жеңіліске ұшырады, төгілген қан жосадай ақты, бірақ жеңіс болған жоқ. Ауыр қасірет, қаратүнек қараңғылық қалпында қала берді, халықтар онан әрі ауыр азапқа ұшырап, құлдықтан құтыла алмады, өкімет билігі қанаушылар табының қолында қала берді.

Бұл жеңілістердің басты себебі мынадан болды: еңбекшілердің революциялық қозғалысқа басшылық ететін нағыз берік таптық күші болмады.

Тек өнеркәсіп пролетариаты, —неғұрлым езілген және қаналған, бірақ сонымен бірге өзінгі замандағы қоғамның неғұрлым топтасқан және революцияшылы табы тарихи аренаға келген кезде ғана, еңбекшілердің революциялық қозғалысы қаналушы халықтың бытыраңқы және артта қалған топтарын біріктіріп, өзінің соңынан ертетін пролетариат сыяқты нағыз басты күшке ие болды.

Быйылғы жылы, Совет Одағының халықтары Октябрь революциясының «басты репетициясы» болған 1905 жылғы орыс революциясының даңқты елу жылдығын атап өткізгені айтырған кезде, пролетариаттың гегемониясы туралы марксист-лениндік ілімнің аса зор маңызын ерекше атап көрсету қажет. Жұмысшы табының ұстаздары Маркстің, Энгельстің,

Пролетариат революциясының кемеңгер стратегі Ленин жеткен Октябрь революциясы жағдайында ғылыми коммунизмді творчестволықпен жасай отырып, коммунизм орнатудың ұлы, батыл ғылыми негізделген жоспарын жасады. Лениннің жоспары дұрыс жоспар бұғанғын тарих көрсетті.

Партия ең алдымен ішкі ресурстарға және азат етілген халықтың өз күштеріне үміт артты. Сырттан көмек аламыз деп үміттенуге болмады: ол кезде империалистер Советтік Россияға тек интервенцияны ғана экспорт ретінде әкелді де, олар контрреволюцияға ақшаны ешбір аямады.

Елді электрлендіру коммунизм орнатудың лениндік жоспарының аса маңызды буыны болды. Атақты ГОЭЛРО жоспарын Ленин «партияның екінші программасы» деп атады. «Коммунизм дегеніміз —деді ол, —Совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру». Ленин елді электрлендіру арқылы коммунизмнің материалдық базасын құруды, озат техника мен жоғары еңбек өнімділігі негізінде ірі, ең алдымен, ауыр индустрияны өркендетуді көздеді. Миллиондаған ұсақ шаруалар шаруашылықтарын кооперациялаудың лениндік жоспары және мәдениет революциясын жүзеге асыру осымен байланысты болды.

Бұл жоспарды жасаушы, Лениннің өзі жоспардың толық жүзеге асырылғанын көре алмай кетті. Ленин қайтыс болғаннан кейін, ол ұйымдастырған большевиктік партия Лениннің сенімді серігі ұлы Сталиннің басшылығымен лениндік жоспарды ойдағыдай жүзеге асырды.

Біздің мемлекетіміз электр қуатын өндіру жөнінде соңғы орындардың бірінде болған еді. Көзір ол дүние жүзінде 2-ші орын алып отыр. 5-ші бесжылдықта электр қуатын өндіру 84 процент артады. Совет өкіметі жылдарында 300-ден аса зор және орташа қуатты электр станциясы, соның ішінде 90 су-электр станциясы салынып, іске қосылды.

Куйбышев су- электр станциясының бір өзі ғана 11,4 миллиард киловатт- сағат электр қуатын өндіретін болады, мұның өзі революцияға дейінгі бүкіл Россияда 1913 жылы өндірілген электр қуатынан 6 есе артық. Куйбышев су-электр станциясының бірінші агрегаттары үстіміздегі 1955 жылы іске қосылады.

Біз электрлендіру ісін бұдан былай да, бұрынғыдан да зор көлемде дамыта береміз. Алдағы бесжылдықта Ангара өзенінде дүние жүзіндегі ең ірі Братск су-электр станциясының құ-

оның мәнісі көбінесе өктемдік емес. Пролетариат диктатурасының екінші және үшінші жақтарын қолдана отырып, жұмысшы табы социализм орнату үшін, барлық еңбекшілер бұқарасын, әсіресе шаруаларды өз жарына бірқолата тарту үшін өзінің өкіметін пайдаланды, өзінің шаруалармен одағын баянды етті, бұл одақ пролетариат диктатурасының жоғары принципі болды және болып қала береді.

Пролетариат диктатурасы бұрынғы патшалық Россияның барлық езілген ұлттары мен халықтары жөнінде де өзінің ролін орындап, олардың ұлттық бостандығын және жаңа, социалистік ұлттар орнатуын қамтамасыз етті.

Октябрь революциясы, кең арналы ұлы өзен сыяқты, үш тасқынды ұштастырды: шаруалардың помещиктерге қарсы күресінің қуатты тасқынын, патшалық «халықтар түрмесіне» қарсы езілген ұлттардың күресін, социалистік пролетариат революциясының қуатты тасқынымен ұштастырды.

Біздің Отанымыз Совет өкіметінің 38 жылы ішінде экономикалық жарынан нашар өркендеген, аграрлы елден қуатты индустриялық- жолхозды социалистік державаға, алдыңғы қатарлы ғылым мен мәдениет еліне айналды. Біздің Отанымыз бүкіл дүниежүзі халықтарының шамшырағына және үмітіне айналды. (Ду қолшапалақтау).

II.

рылығы өрістетіліп, оның бірінші агрегаттары іске қосылатын болады.

Осыған байланысты ағылшын жазушысы Г. Уэллеттің 1920 жылы былай деп жазғанын еске сала кеткен қызық болар еді: «Ленин, берілген марксист болғандықтан, «утопия» атаулының бәрін жоққа шығарғанымен, ақырында барып өзі электрлік утопияға бой алдырыпты. Ол Россияда алып электр станцияларын ұйымдастыруды бар күшпен қолдап отыр. Шексіз ормандары, сауатсыз мужиктері, болмашы ғана дамыған техникасы және өшіп бара жатқан өнеркәсібі мен саудасы бар ұлан- байтақ көлбеу жатқан елде бұдан артық батыл жобаны ойлаудың өзі мүмкін бе... Оны (электрлендіруді) Россияда қолдануға болады деп ойлау үшін өте бай құрғақ қыял керек. Мен өзім бұл сыяқты ешнәрсе болады деп ойлай алмаймын».

Қызықты утопиялық романдардың құрметті авторы Уэллс Марс планеті туралы қиялдай алғанымен, нақтылы орыс жерінің болашағын көруге қабілетсіз болды. Көзіргі уақытта ол мырзалар қандай тар өрісті болып шығып отыр, ал данышпан, біздің мәңгі сүйікті әкеміз Владимир Ильич Ленин ғылыми революциялық ой- пікірдің және ұлы революциялық өжеттіктердің қандай алыбы болып, ғасырлардан асқақ биік тұр. (Ұзақ, ду қолшапалақтау).

Кімде- кім бүгінгі күні Қытай халқы мен оның өкіметінің өз елін индустрияландыру және электрлендіру жөніндегі күш жұмсауына менсінбей қараса, олардың осы айтылғандар жөнінде мықтап ойланғаны жөн болар еді. Өркендеу мырзалардың да бір көздегі біз жөнінде мысқыл айтып шыққан болғандары сыяқты ақымақ болып қалатындығына біз сенеміз. Ұлы Қытай халқы Коммунистік партияның басшылығымен, Мао Цзэ-дун жолдастың бастауымен, совет халқының жеткені сыяқты, социализмнің жеңісіне жетеді. (Ду қолшапалақтау).

Лениннің көргендігі жүзеге асты. 1920 жылы бүкіл жыл бойына өндірілген электр қуаты 1955 жылы бір тәуліктің ішінде, шойын —1,5 тәулікте, көмір —8 тәулікте, мұнай—20 тәулікте, қант — 7 тәулікте өндіріледі.

Коммунизм орнатудың лениндік жоспары біздің партиямыз бен совет халқының жауынгерлік программасы болды, және ол ойдағыдай орындалуда. Октябрьдің 38 жылдығын совет халқы бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алып отыр.

оның қажеттері үнемі өсіп отырады, оның үстіне экономикалық жағынан біз әлі де болса басты-басты капиталистік елдерден артта қалып келеміз, сондықтан бізге даңдайсуға болмайды. Біз өз кемшіліктерімізді батыл ашып, оларды неғұрлым тез жойып отыруға тиістіміз. Өскезен тап сын мен өзара сыннан қорықпайды. Сыннан өшіп бара жатқан тап қорқады.

Кемшіліктер көп. Ол —ең алдымен жаңа техниканы, жаңа технологияны баяу игеруге және енгізуге, резервтерді, қуаттарды толық пайдаланбауда, жұмыстың біржөжісіздігінде, өндіріс күштерін орналастырудағы кемшіліктерде. Өнеркәсіп өнімнің сапасында да елеулі кемшіліктер бар.

Міндет партияның Орталық Комитетінің июль Пленумының қарарлары негізінде кемшіліктердің ойдағыдай жойылуын қамтамасыз етуде болып отыр.

Октябрь революциясы жаңа социалистік өндіріс қатынастарын құрғаннан кейін, біздің шаруашылығымыздың алға басуының басты мәселелері —техникалық прогресті қамтамасыз ету және өндіріс пен еңбекті неғұрлым жақсы ұйымдастыру болды.

Ең алдымен адамдардың еңбегін жеңілдетіп, оны неғұрлым өнімді ету үшін ауыр және еңбекті көп тілейтін жұмыстарды комплексті түрде механикаландыруға арнап техникалық прогресті құрал- жабдықтардың өндірісін ұлғайту қажет. Мысалы, бұл құю, ұста- пресс кран, тау-кен құрал- жабдықтарының түрлері жөнінде айтылып отыр.

Ғылым мен техниканың қаулап дамып отырған көзіргі дәуірінде артта қалу капитализммен экономикалық жарыста артта қалу деген сөз болар еді. Отандық және дүниежүзілік ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін тез және жеңілнен енгізу арқылы ғана біз капитализмге қарағанда еңбек өнімділігінің жоғары дәрежеде болуына жете аламыз, ал мұның өзі коммунизмнің жеңісі үшін қажет.

Бізге еңбек өнімділігі 1940 жылмен салыстырғанда 1955 жылы өнеркәсіпте екі есе, ал 1950 жылғымен салыстырғанда 44 процент артты. Бірақ біз еңбек өнімділігін арттыру үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдаланып отырғанымыз жоқ.

Мұның басты себептері, жаңа техникамен қаруланудың жеткіліксіздігінен басқа, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктер, озат еңбек әдістерін жанпай енгізудің жеткіліксіздігі болып табылады.

Еңбек ұйымдастырудың өзін және социалистік жарысты онан әрі дамытуды жақсарту қажет. Орташа жұмысшыдан еңбек өнімділігін екі есе артық беретін озат адамдардың әдістері бұқаралық іске айналуға тиіс. Осының бәрі тек қана өнеркәсіпке емес, сонымен бірге транспорт пен ауыл шаруашылығына да тән.

Біздің транспортымыз —темір жол, теңіз, өзен және автомобиль транспорты —бесінші бесжылдықтың тұсында анағұрлым өсті, ол жоспарларын орындауда. Темір жол транспортының жүк айналымы 1955 жылы 1950 жылғы жүк айналымынан 60 процент артық болды. Алайда жүктердің түрлері жөніндегі жоспардың орындалуында елеулі кемшіліктер бар. Өткізу қабілеті артып отырғанына қарамастан, олар әлі өшпалық толық пайдаланылмай келеді, транспорттың техникалық дәрежесі тез өсіп отыратын талаптардан артта қалып келеді.

Ең таяу уақыттағы негізгі міндет —қуаттардың пайдаланылуын жақсартып, ірі-ірі кемшіліктерді —тым ұзақ және тиімсіз тасымалды жоюмен қатар, транспортты техникалық жағынан қайта қаруландыру, темір жолдарды электрлендіруді кең өрістетуге, автоматиканы кеңінен енгізу, өндірісті дамыту және транспортты көзіргі заманның қуатты тепловоздармен, электровоздармен, теңіз және өзен кемелерінің жаңа үлгілері-

рын өтеу жөнінде өзінің қамқорлығын көрсетті. Халықтың саптып алу қабілеті артып, бағаның жемуіне сөйкес елде товар айналымы да ұлғайтылды. Бөлшек сауда айналымы жөнінде бесжылдық жоспар төрт жылда орындалды.

Алайда халыққа жақсы қызмет етуде сауда ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктер, мысалы, еңбекшілердің тілектері мен талаптарын зерттеудің жеткіліксіздігі және товарлардың тұтынушыларға уақтылы жеткізілмеуі кедергі болып келеді. Өнеркәсіпте жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жал-ақысы 1955 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда 39 процент, 1940 жылғымен салыстырғанда 91 процент артты, ал шаруалардың табысы 1955 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда 50 процент және 1940 жылғыға қарағанда 122 процент көбейді.

Мемлекеттің әлеуметтік- мәдени қажеттерге —ақысыз оқыту мен стипендияға, ақысыз медициналық қызмет көрсету мен цутевқаға, демалыстар ақшасын төлеуге бөлген қаржысы 1940 жылғымен салыстырғанда үш жарым еседен аса артты.

Бұл мәселелердің бәрін де бізге қажетті дәрежеге, былайша айтқанда совет адамдарының материалдық қажеттерін барынша қанағаттандыруға біздің әлі де болса жете алмағанымызды партия мен Үкімет көрмей отырған жоқ. Бірақ біз жыл сайын алға қарай қадам басып келеміз және ең бастысы сол, халықтың материалдық әл- ауқатын үздіксіз арттыруға керекті мүмкіндіктердің бәрі біздің системамызда бар.

Бұл мүмкіндіктерді іске асыру қажет.

Партияның Орталық Комитеті мен Министрлер Советі халықтың материалдық әл- ауқатын онан әрі арттыруды қамтамасыз ету үшін қажымай- талмай жұмыс істеуде. Мұның тұрғын үй мәселесіне ерекше қатысы бар. Бесжылдықта 150 миллион шаршыметр тұрғын үй іске қосылды. Солай бола тұрса да бізде тұрғын үй жағдайы әлі де қанағаттанғысыз болып отыр, сондықтан тұрғын үй құрылымы ісін жақсарту алтыншы бесжылдықтың өте маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Құрылысшылар бұл міндетті басқа да құрылыс міндеттерімен қатар аброймен орындауға тиіс. Олар құрылысты арзандатып, сапасын жақсартуға тиіс.

Біздің еліміз Октябрь революциясының 38 жылдығына мәдени өркендеу саласында жаңа табыстармен келді. Мектептер жүйесі және орта, жоғары оқу орындарындағы оқушылар саны артуда. Халық мәдениетінің жалпы өсуінің өте айқын бейнесі болып табылатын совет елінің искусствосы мен әдебиеті гүлденуде.

Біз жаңа, алтыншы бесжылдықтың қарсаңында тұрмыз. Мемлекеттің шаруашылыққа басшылық ету жөніндегі міндеттері бұрынғыдан да ұлғайып отыр. Сондықтан мемлекеттік аппараттың жұмысы жақсаруға тиіс. Халықпен, еңбекшілердің қалың бұқарасымен үнемі тығыз байланыс жасау, олардың мемлекетті басқаруға қатысуы мемлекеттік аппаратты жақсартудың аса маңызды құралы болып табылады. Бұл жөнінде кәсіпшілер одақтары, біздің құрылысымызда зор орын алатын әйелдер, біздің елімізде капитализмді білмеген, бірақ социализмді қалайша ойдағыдай орнатуды жақсы білетін біздің даңқты жастарымыз үлкен роль атқарады және бұдан да үлкен роль атқаруға тиіс.

Ішкі міндеттерді болсын, сондай-ақ сыртқы міндеттерді болсын ойдағыдай орындау үшін біз мемлекетімізді жақсартуымыз және барынша нығайтуымыз қажет. Оның тәжірибесі мен практикасын халықтық демократия елдері пайдалануда. Бұл елдермен шаруашылық байланыстар және сыртқы сауда айналымы артуда.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығы

Л. М. КАГАНОВИЧ жолдастың Москва Советінің салтанатты мәжлісінде 1955 жылғы 6 ноябрьде жасаған баяндамасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Біздің байланыстарымыз бен өзара қатынастарымыз халықтардың суверенитеті мен теңправдылығын өзара құрметтей отырып, жолдастық өзара көмектің және экономикалық даму жоспарларын бір жүйеге келтірудің жаңа принциптеріне құрылған.

Біз халық шаруашылығын өркендету жоспарларын бір жүйеге келтіру системасы мен практикасын жақсартуға тиіспіз. Мұның өзі социалистік лагер елдерінің капиталистік лагер елдерімен жарысу тұрғысынан алыс қарағанда айрық-

Халық шаруашылығымызды дамытудың қорытындылары социалистік системаның капиталистік системаға қарағанда орасан зор артықшылығы бар екендігінің айқын демонстрациясы болып табылады. Біз екі система шаруашылығының дамуында қарама-қарсы көрсеткіштер бар екенін көріп отырмыз.

Капиталистік дүниенің өнеркәсіп өнімінің индексі, 1929 жылы дәрежесін жүзге балағанда, 1954 жылы 176 болды. Ал ССРО өнеркәсібі өнімінің индексі 1929 жылғыға қарағанда 1954 жылы 1785 болды, былайша айтқанда 18 еседей дерлік артты.

Совет Одағында өнеркәсіп өнімінің жылдық орташа өсу қарқыны бұл жылдардың ішінде тиісті уақытпен салыстырғанда капиталистік дүниедегі жылдық орташа өсу қарқынынан бес еседен аса жоғары болды. Мұнда 38 жылдың 20 жылы біздің өсу жылдарымыз болды, ал 18 жыл бізге таңырған соғыстарға және онан кейінгі қалпына келтіру істеріне кеткені мәлім. Біз өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі жөнінде әзірше дүние жүзінде АҚШ-тан кейін екінші орын алатынымызды, біздің АҚШ-тан көп жағдайда артта қалып отырғанымызды білеміз, бірақ біз өзіміздің өсу қарқынымызды еске алғанда, кезір болып отырған кемшіліктерді жойғанда, біз Лениннің өсиетін орындайтынымызды — АҚШ-ты экономикалық жөнінен де, былайша айтқанда халықтың жаны басына келетін өнімді өндіруде қуып жетіп, басып озатынымызға сенеміз.

Советтік социалистік шаруашылық жоспарлы түрде, үздіксіз және кризиссіз, жұмыссыздыққа ұшырамастан өркендеуде, ал АҚШ бай, қуатты өнеркәсібі бар ел, бірақ онда капиталистік шаруашылық үзілістермен, кризистер арқылы өркендеуде.

38 жылдық дәуірдің ішінде капиталистік система дүниежүзілік үш кризисті: 1920—1921 жылдарда, 1929—1933 жылдарда және 1937—1938 жылдарда болған кризисті бағын кешірді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін АҚШ-тың экономикасында 1948—1949 жылдарда және 1953—1954 жылдарда кризис көріністері болды. Рас, бұл кризис көріністері дүниежүзілік кризистерге ұласып кетпеді, бірақ кезірде де белгілі тепе-теңдікті елеулі түрде қалпына келтіру туралы айтуға негіз жоқ.

Капиталистік елдерде дүниежүзілік екінші соғыстан кейін өнеркәсіп өндірісінің өсуіне ең алдымен бейбіт уақыт үшін

ша маңызды болып отыр. Тек Совет Одағы ғана емес, мұнымен бірге бүкіл халықтық демократия елдері де жаңа қуатты экономикалық өрлеу жолымен үздіксіз алға басып келеді. Бүкіл дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың жаңа системасы қалыптасуда және нығаюда.

Біз екі системаның жарысында жеңіс социалистік шаруашылықтың анағұрлым прогресшілдік системасы жағында болатынына сенеміз. Біз социализм орнатудың лениндік жоспары социалистік лагердің барлық елдерінде жүзеге асырылатынына күмәнданбаймыз. (Ұзақ қолшапалақтау).

III.

Совет Одағының халықтық Югославиямен достық және туысқандық қатынастарының қалпына келтіріліп, бұл қатынастардың барлық салаларда — саяси, экономикалық және мәдени салаларда онан әрі ойдағыдай дамытылуы. Міне мұның Совет Одағы мен Югославия қатынастары үшін ғана емес, сонымен бірге бейбітшілік, демократия және социализм ісін нығайту үшін де зор маңызы бар.

Австрия мемлекеттік договорының жасалуы.

Индияның премьер-министрі Джавахарлал Нерудің Совет Одағына келуі және Совет Одағы мен Индия Республикасының достық қатынастарының нығайтылуы.

Бирманың премьер-министрі У Нудың Совет Одағына келуі және Совет Одағының Бирмамен жақсы қатынастарының онан әрі нығайтылуы.

Суверенді достас мемлекеттер — ССРО мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы қатынастарды дамыту туралы Договор жасалуы. ССРО мен Герман Федералдық Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнатылуы.

ССРО мен Финляндия арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы Договорды қолдау мерзімінің 20 жылға ұзартылуы.

Совет әскерлерінің Порт-Артур соғыс-теңіз базасының территориясынан әкетілуі, сонымен қатар Поржкала-Уддағы совет соғыс-теңіз базасының жойылуы.

Бұл әншейін дағдылы типтегі дипломатиялық әрекеттер ғана емес, қайта Совет Үкіметінің, біздің лениндік партиямыздың және оның Орталық Комитетінің бейбітшілік жолындағы күресте жасап отырған нағыз зор қаламдары болып табылады. (Ду қолшапалақтау).

Біздің еліміздің ғана емес, сонымен бірге тіпті Отанымыздан алыс жерлердегі қалың халық бұқарасы да бұл саясатты қызу мақұлдауда. Бұл саясат Ұлы Октябрь социалистік революциясы саясатының жалғасы болып табылады.

Біз, әрине, империализм жаршыларының дәлелдеуге тырысып отырғанындай, өлсіздіктің салдарынан емес, қайта өзіміздің арта түскен күшіміз бен қуатымызды түсіне отырып, барлығын да бейбітшіліктің мүдделері үшін істедік және істеп келеміз. Біз ешкімнің де біздің күшімізді сынауына, әсіресе бұл күшті бұған дейін сынап көргендердің қайта сынауына сенес бермейміз.

Ал үш батыс державасының өкілдері бұл ұсыныстарға қалай жауап берді? Таңданарлық жағдай сол — олар барлық істі бүкіл Германияда милитаризмді қалпына келтіруден және біріктірілген, ремилитарландырылған Германияны Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған Солтүстік-Атлантикалық блокке қосудан бастауды ұсынды. Совет Үкіметі мұндай ұсыныстарды қабылдамай келді және бұдан былай да қабылдамайды.

Бүкіл совет халқы өзінің Үкіметін бірауыздан қолдайды біз және Еуропаның басқа халықтары Ұлы Отан соғысында қанымызды төгіп, неміс империализмін талқандадық, бірақ біз мұны барлық халықтардың, соның ішінде герман халқының да сорына неміс империализмін өз қолымызбен қалпына келтіру үшін істеген жоқпыз деп айтады. (Ұзақ қолшапалақтау).

Біз Германияның бейбітшілік және демократиялық мемлекет болып бірлігінің қалпына келтірілуін жақтап отырмыз. Бұл — Совет Үкіметінің берік позициясы, бұл позициядан біз еш уақытта да кейін шегінбейміз. Біз екі мәселені бірге қосып талқылауға желістік, бірақ бұдан, мұны үш батыс державасының өкілдері Женевада көздеп отырғанындай, европалық хауіпсіздік туралы неғұрлым ірі мәселені герман мәселесіне бағындыру керек деген ұғым тіпті де тұмайды.

Герман Демократиялық Республикасының Үкіметі Женева кеңесімен байланысты жасаған өзінің мәлімдемесінде герман мәселесін шешу жолдары жайындағы өзінің көзқарастары мен ұсыныстарын баяндап берді. Совет Үкіметі бұл программаны қолдап отыр. (Қолшапалақтау).

Қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу көзбір халықтардың бейбітшілікті нығайту жолындағы күресінде олардың ең көкейтесті талаптарының бірі болып табылады. Совет Үкіметінің ұсыныстары жұртқа мәлім. АҚШ өкілдері қару-жараққа бақылау қоюмен ғана тынуды жақтап отыр.

Біз әлі де жүргізіліп отырған қарулануға бақылау қоюды емес, қайта қарусыздандыруға бақылау қоюды жақтап отырмыз. Біз жанталаса қарулануды тоқтату туралы және атом қаруына тыйым салу туралы ұсыныстардан бастартуға бара алмаймыз.

Халықтар құрғақ сөзді емес, қайта нақты істерді, қарусыздандыру туралы декларацияларды емес, қайта шын мәнісіндегі қарусыздандыруды және атом қаруына тыйым салуды күтіп отыр. Біз қарусыздандыру жолындағы күресімізде бүкіл дүние жүзінің халықтары бізді белсене қолдайды деп сенеміз. Бізді Еуропаның ғана емес, сонымен бірге дүниежүзілік саясатта барған сайын зор роль атқарып отырған Азия мен Африканың да халықтары қолдайды. (Қолшапалақтау).

Ұлы Октябрь социалистік революциясы біздің Отанымызды дүниежүзілік асқар биік шыңға көтерді. Ол бүкіл дүние жүзінің алдында Отанымыздың мәртебесін көтеріп, оны революциялық жетекші күшке, адам баласына өзгешен, құлақтан және қаналышылықтан арылған жаңа қоғам құрушы күшке айналдырды.

Октябрь революциясы және дүниежүзілік екінші соғыстың жеңіс Шығыстың отар және тәуелді елдерінде ұлт-азаттық қозғалысы мен азаттықты дамытуда тарихи роль атқарды.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Азия мен Африканың көптеген елдері тұңғыш рет тәуелсіздікке ие болды. Азия мен Африканың 29 елінің Банлунг конференциясы жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Совет Одағы, біздің Партиямыз бұл елдердің халықтарының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресінде әрқашан да солардың жағында болып, оларға өздерінің моральдық-саяси көмегін көрсетіп келді және бұдан былай да көрсетеді.

Біз Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев жолдастардың алдағы уақытта ұлы Индияға, Бирмаға және Афганистанға баратын сапары Совет Одағы халықтарының Индияның, Бирманың, Афганистанның халықтарымен, бүкіл Шығыстың халықтарымен достығын онан әрі нығайтуға көмектеседі деп сенеміз. (Ұзақ қолшапалақтау).

Халықаралық қатынастарды дамытудың 1955 жылғы тәжірибесі Совет Одағының мемлекеттер арасындағы алауыздықтарды келіссөздер жүргізу жолымен шешу жөнінде ұстаған бағытының толығымен ақталғанын көрсетті. (Қолшапалақтау).

«Қырғыйқабақ соғысты» тоқтату және ұзақ мерзімге баянды бейбіт қатынастар орнату үшін дүние жүзінде кезір барлық мүмкіндіктер бар. Бұл үшін реакционыл империалистік күштердің бұрынғыдан анағұрлым кейін ығыстырылуы және үкіметтердің халықтарға бейбітшілікті іс жүзінде қамтамасыз етіп беретін болуы қажет.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығын мейрамдаумен байланысты біздің шығарып отырған қорытындыларымыз бейбітшілік жолындағы және екі системаның қатар өмір сүруі жолындағы күресте елеулі табыстарға қол жеткенін көрсетеді. Бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысы өрістеп келеді. Бейбітшілік жолындағы күресте халықтардың бірлігі нығая түсуде.

Бірақ өзін-өзі жұбатуда болмайтынның, бейбітшілік жолындағы күрес қырағы болуды, агрессиялық саясатты өшірелеуді, бейбітшілік майданын нығайтуды талап ететінін халықтардың бейбітшілігі мен достығын ардақтайтындардың бәрі де біледі.

Октябрь революциясы орнатқан Совет мемлекеті бүкіл дүние жүзі халықтарының бейбітшілігінің, достығы мен туысқандығының сенімді тірегі болып келгеніне және бола беретініне барлық елдердің халықтары мен елбасшыларының сенуіне әбден болады. (Ұзақ, ду қолшапалақтау).

IV.

Егер 19 ғасыр капитализмнің ғасыры болса, 20 ғасыр социализм мен коммунизмнің салтанат құрған ғасыры болып табылады. (Ұзақ қолшапалақтау).

1917 жылғы октябрьде, небәрі 240 мың мүшесі бар, халықтың ішінде теңіздің тамшысындай ғана болған біздің

жаңталаса қарулану сыяқты факторлар себеп болды. Солтүстік-Атлантика блогі елдерінің (НАТО) тікелей соғыс шығындарының жалпы сомасы 1949 жылғы 18,5 миллиард доллардан 1953 жылы 65 миллиард долларға дейін артты, ал дүниежүзілік екінші соғысқа дейін бұл елдер қару-жараққа небәрі 3,4 миллиард доллар, былайша айтқанда 1953 жылғыдан 20 есе кем жұмсаған еді.

Мұндай шаралар бұл елдерді кризистен аман сақтап қала алмайды, қайта түйыққа тірейді және капиталистік дүниедегі бүкіл қайшылықтарды, бәрінен бұрын тап қайшылықтарын шиеленістіреді. Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін ереуіл қозғалысының дәрежесі соғысқа дейінгі жылдардағы дәрежесінен едәуір жоғары болуының өзі кездейсоқ емес.

Мысалы, АҚШ-та 1945—1954 жылдардағы уақыттың ішінде 27,3 миллион адамның қатысуымен 43,7 мың стачка болып өтті, сөйтіп 445 миллион жұмыс күні жойылды, ал 1930—1939 жылдардағы уақыттың ішінде 9 миллион адам қатысқан 20 мың стачка болып, 142 миллион жұмыс күні жойылған еді. Англияда, Францияда, Батыс Германияда, Италияда және басқа елдерде де стачка қозғалысы күшейе түсті.

1954 жылдың аяғында АҚШ-та ресми тіркелген толық жұмыссыздар саны 3230 мың адам болды, ал жөсіподақтардың мәліметтері бойынша — толық апта бойы жұмыс істемейтін 13,4 миллион адамды қоспағанда, 5 миллион адамнан аса жұмыссыздар болды.

Капитализм дамуының заңдарын ешбір сауықтырушы құрал өзгерте алмайтынын, капитализмге, әсіресе оның империалистік сатысына тән болып отырған, барған сайын шиеленісе беретін қайшылықтарды жою алмайтынын өмір көрсетіп отыр.

Сондықтан империализмнің өте реакцияшыл және шектен шыққан топтары бұдан «шығу амалын» халықаралық жағдайды шиеленістіру жолынан, соғыс авантюраларынан іздейді. Батыс капиталистік державаларының саясатына дәл осы топтар ықпал жасап келді және кезінде де белгілі дәрежеде ықпал жасап отыр. 1953—1954 жылдардағы өте шиеленіскен және ерекше қауіпті халықаралық жағдай осының нәтижесі болды да.

Бұл екі жылдағы бірнеше фактілерді: Батыс Германияны ремигитарландыру туралы Париж келісімдерін және оны агрессияшыл Солтүстік-Атлантикалық блокке қосуды; Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессияшыл топ «СЕАТО-ны» құруды; кезір бес елді, Иранды, Иракты және, мұның өзі таңданарлық болса да... Англияны қоса алатын блокке айналған түрік —пакистан соғыс договорының жасалуын; АҚШ-пен Оңтүстік Кореяның арасындағы, Қытай Халық Республикасына тиесілі Тайвань аралында американ соғыс флотының қорғауымен бүркемеленген Чан Кай-ши тобының АҚШ-пен арасындағы соғыс келісімдерінің, сондай-ақ Жапонияны милитарландыруды тездету туралы АҚШ пен Жапония арасындағы келісімдердің жасалуын еске түсірудің өзі жеткілікті.

Өзінің бейбітшілік және әртүрлі әлеуметтік-саяси системалардың қатар өмір сүруі жолында күресу саясатынан айнымайтын Совет Одағы ұлы Қытай Халық Республикасымен, Польшамен, Чехословакиямен, Венгриямен, Румыниямен, Болгариямен, Герман Демократиялық Республикасымен, Албаниямен, Монғол Халық Республикасымен, Корея Халық-Демократиялық Республикасымен және Вьетнам Демократиялық Республикасымен бірге осы бейбітшілік үшін қауіпті құбылыстарға кесе-қалденең тұра білді. Халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған бірқатар шаралар бірінен соң бірі қолданылды. Мұның өзінде маңызды нәтижелерге қол жеткенін көзір жұрттың бәрі мойындап отыр. Кореяда соғыс қыймылдарының тоқтатылуы және Индо-Қытайдағы соғыстың аяқталуы осы бағыттағы алғашқы ірі қадам болды.

Совет Үкіметінің және халықтық демократия елдері үкіметтерінің бір ғана соңғы жылғы мынадай аса маңызды шараларын еске түсірейік:

Совет Үкіметінің қару-жарақты азайту, атом қаруына тыйым салу және жаңа соғыс қатерін жою мәселелері жөніндегі 1955 жылғы 10 майдағы тарихи ұсыныстары.

Біз Совет Одағының және бүкіл бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің мызғымас берік, барған сайын еселеп артқан қуатына бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым сеніп отырмыз. (Қолшапалақтау).

Біз бүгін бейбітшілік күштері өсті деп айта аламыз. Халықтардың күші — шешуші күш, ал халықтар, соның ішінде империалистік елдердің өздеріндегі халықтар да, милитаристердің мүдделері үшін өлуді және азапқа ұшырауды тілемейді. Міне сондықтан да буржуазияның неғұрлым байсалды ойлайтын бөлегі, өзінің саясаты халықтардың барған сайын күшейе түскен қарсылығын тудырып отырғанын сезіп, халықаралық шиеленісті белгілі дәрежеде бәсеңдетуге барды.

Егер халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін жасалған неңдей бір елеулі қадамдарды батыс державаларының активіне жазу соңғы кезге дейін мүмкін болмай келген болса, бүгінгі күні біз АҚШ, Великобритания және Франция үкіметтерінің Совет Одағымен бірге осы жылғы июльде төрт держава үкіметтері Басшыларының Женевадағы Кеңесіне әсерлі және жемісті түрде қатысқанын олардың активіне қанағаттанған сезіммен жаза аламыз. Біз халқымыздың аманатын абыроймен орындаған біздің Совет делегациясының Женева кеңесінде бейбітшіліктің игілігі үшін аса көрнекті ерекше роль атқарғанын атап көрсетуді өзіміздің патриоттық борышымыз деп санаймыз. (Ұзақ қолшапалақтау).

Төрт держава үкіметтері Басшыларының Женева кеңесі бүкіл халықаралық өмірдегі зор және маңызды оқиға болды. Бейбітшіліктің барлық жақтаушылары оны қанағат тұтып қарсы алды.

Бірақ Совет Одағы Женева кеңесінен кейінгі өзінің істерімен Женеваның рухын жүзеге асырып отырған уақытта —мысалы, Армияның санын 640 мың адам азайту сыяқты ірі шараға назар аударуға болады,— Женева кеңесінің басқа қатысушылары елеулі қадамдар жасамағаны былай тұрсын, тіпті Женеваның рухынан кейін шегіне түсті.

Женевадағы кеңестен кейін бейбітшілік жолындағы күрес үшін неғұрлым қолайлы жағдай тудырыла тұрса да, бұл— бейбітшілік жаулары халықтардың бейбіт тұрмысын бұза алмайтын алаңсыз өмір сүру дәуірі емес деп санап келдік және солай деп санап отырмыз.

Кәзіргі уақытта дүниежүзілік жұртшылықтың назары төрт держава Сыртқы істер министрлерінің Женевада болып жатқан кеңесіне аударылып отыр. Совет Үкіметі Еуропадағы коллективтік қауіпсіздік туралы мәселені төрт министрдің Женева кеңесінің маңызды мәселесі деп санайды.

Европалық халықтар жаңа соғыстарға жол бермеуге, барлық европалық елдердің, ең алдымен, гитлерлік шапқыншылықтан зардап шеккен елдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сайып келгенде, нақты шаралар қолданылуын талап етуге праволы. Совет ұсыныстары нақ осы мақсатқа сай келеді.

Ленинградта Октябрді мерекедеу

Совет халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығын салтанатпен атап өтті. Бүгін елімізде Ұлы Октябрь мерекесі жаңа патриоттық өрлеу жағдайында, еңбекшілердің Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасқандығымен өтті.

Мереке күндерінде Ленинград ұлы да әсем түрге енді. Барлық көрлерде — көшпелер мен алаңдарда, гранитті жағалауларда Нева рейдінде сап түзеген Балтық қораблдерінде көптеген ал-қызыл тулар желбіреді. 7 ноябрьде таңертеңгі сағат 9-да Невада дәстүрлі соғыс-теңіз парады болды, ал сағат 10-да 1917 жылы көтеріліс жасаған халық штурм жасап, қыс-

қы сарайды алған тарихи Сарай алаңында гарнизон әскерлері жүріп өтті. Бұдан кейін еңбекшілердің мерекелік салтанаты басталды.

Ленинградтықтар демонстрацияға бүкіл халықтық мереке қарсаңында қол жеткен еңбек жеңістері жөніндегі рапорттарымен шықты. Киров заводының еңбекшілері Ұлы Октябрдің 38 жылдығын халық шаруашылығы үшін болатын, прокатты шығарудағы күрестегі даңқты жеңістерімен қарсы алды. Үшінші тоқсандағы жұмыс қорытындысы бойынша завод коллективі Бүкілөдақтық жарыста бірінші орынды жеңіп алды. Невадың Ленин атындағы машина жасау заводының кол-

Міне сондықтан да Октябрь революциясының асқан ұлы халықаралық маңызы болды және болып отыр. Ол дүниежүзілік оқыйғалардың барысына, адамзаттың және ең алдымен жұмысшы табының тарихи тағдырларына еселеген шешуші ықпалын тигізді және тигізіп келеді. Бүгінгі күні бүкіл дүние жүзінің жүздеген миллион қарапайым адамдары Октябрь революциясының ұлылығы мен тарихи маңызын шын жүрекпен сезінуде.

Совет адамдары — өз Отанын сүйетін патриоттар, сонымен бірге олар пролетарлық интернационалистер болды, болып отыр және болады да, сондықтан совет халқын дүние жүзіндегі барлық елдердің қалың бұқара халқымен және жұмысшы табымен байланыстыратын тығыз ынтымақты ешкім де және ешқашан да бұза алмайды. (Қолшапалақтау).

Бұл, әрине, Октябрь революциясы жасаған біздің мемлекетіміз басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұғады деген ұғым бермейді. Мұндай пайымдауларды таратушылардың амынаны білгені жөн болар еді: біздің ұлы ұстазымыз Ленин «Революцияның экспорты туралы» мәселе жөнінде былай деген болатын: «Бөтен елде революция зақаз бойынша, келісім бойынша тууы мүмкін деп ойлайтын адамдар бар. Мұндай адамдар не ессіздер, не провакаторлар» (27-том, 489-бет).

«Солшылдық» тұрғыдан сөйлеп, біздің тарапымыздан «революциялық соғыс» жүргізу қажет деушілерді әшкере-лей келіп, Ленин 1918 жылдың өзінде былай деп жазған болатын: «Бұл сыяқты «теория», революцияларды тұтызатын тап қайшылықтарының ұшығуларының жетілуіне қарай дамыйтын революцияларды «итермелеуді» оқшапқан да теріс деп келген марксизмнен мүлде қол үзгендік болар еді», (27-том, 56-бет).

Революцияға итермелеуші империализмнің өзі болып табылады, таптық қайшылықтар шиеленіскен сайын әр елдің өз ішінде жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар топтасады да, ол елдердің өздерінің, жалаңорлардың бейнеленіп отырғанындай сырттан «экспорт» жасалып келмей, ұлттық басшылары бөлінгіп шығады, таптың алдыңғы қатарлы күші — революциялық партия күресте ұйымдасады және шыңдалады.

Революциялық идеялар шекара дегенді білмейді, олар визасыз және бармақтың мөріні басып алусыз дүние жүзін саяхаттап жүреді. (Залдағылар бір қозғалып қойды).

Маркс мен Энгельс «Коммунистік партияның Манифесіні» шығарған кезде радио да, телефон да, самолет те жоқ еді. Алайда Маркс пен Энгельстің мәңгі өшпес идеялары дүние жүзінде түпкір-түпкірлеріне және барлық елдердегі жұмысшы бұқарасының санасына жетті. Ал кәзір, XX ғасырда Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің бұқараны ментерген ұлы идеялары онан сайын жеңіске жетіп отыр және жеңіске жете береді де. (Қолшапалақтау).

лективі үстіміздегі жылы машинаның жаңа 9 типін өндіруді меңгерді.

Ленинградтағы бийлығы мереке ерекше қуанышты оқыйғалармен аталып өтті. Ленинград метрополитенінің бірінші кезегі пайдалануға берілді. Міне сондықтан да жыйнақталған метро құрылысшыларының алаңға келуін қуанышты жылы жүзбен құттықтады.

Бейбітшілік пен еңбек үні ескен мерекелік демонстрацияға 200 мыңнан астам ленинградтықтар қатысты. Кешке алаңдарда, мәдениет сарайларында және жұмысшы клубтарында мереке онан өрі созылды.

(ТАСС).

капитализмге қарсы жеңімпаздық шабуылға бастаған фактісінің өзі нақ осы идеялардың күштілігінен еді. (Қолшапалақтау).

Жұмысшы табы мен біздің бүкіл халқымыз Октябрь революциясындағы жеңіске, өздерінің барлық жеңістеріне қандай дем беруші және ұйымдастырушы күштің арқасында жеткендігін жақсы біледі. Олар бұл күш — большевиктердің ұлы, даһарман Коммунистік партиясы өкпендігін жақсы біледі.

Біздің революцияның тәжірибесі мынаны көрсетті: егер езілген және қаналған еңбекшілердің көп ғасырлық күресі пролетариатсыз жеңіске жеткізбеген болса, жұмысшы табы бар жағдайда алдыңғы қатарлы маркстік-лениндік теориямен қаруланған, бұқарамен тығыз байланысты революцияшыл Коммунистік партиясыз да жеңіс болмас еді.

Біздің партиямыздың күші оның принципшілдігінде, оның ерқашан да, қайғыда да, қуанышта да жұмысшылармен, еңбекшілермен бірге болатындығында, еңбекшілерді үйретіп отырғандығында және олардан үйреніп отырғандығында 50 жылдан артық уақыттың ішінде біздің туысқан партиямыздың өткен сколындай даңқты жеңіс жолдарынан өту үшін темірдей берік жігер, өз ісінің өділдігіне деген мызғымас, ғылыми коммунизмге негізделген сенім, жұмысшы табы мен бүкіл халыққа асқан ұлы берілгендік керек болар еді. (Қолшапалақтау).

Міне сондықтан да бүкіл совет халқы өзінің партиясы туралы ұлы Лениннің сөзімен: «Біз оған сенеміз, біз оны өз заманымыздың ақылы, ар-намысы және ожданы деп білеміз», дейді. (Қолшапалақтау).

Егер еңбекші адамзат бүкіл көп ғасырлық ауыр дағдырын, қарапайым адамның кім болғанын еске түсіретін болсақ, оның құдай сол күйінше жаратқан және мәңгі-бақый сол күйінше қалып қоюға тиісті «қарасалтақ» саналып келгендігі өзінен-өзі түсінікті. Ал егер өз мәртебесін білу, өзінің сүйікті социалистік Отанын мақтанып өту сезіміне толы біздің совет адамының, — өз елінің алдыңғы қатарлы мәдениетті қожайынының кім болғанына қарайтын болсақ, онда барлық қарапайым адамдардың ұлы Коммунистік партиямызды не себепті социалдық қызу сүйетіндігі және құрметтейтіндігі түсінікті болады. (Ұзақ, ду қолшапалақтау).

Партия өзінің XX съезіне келе жатыр. Бүкіл халық съезді лайықты қарсы алуға әзірленуде. Бүкіл Совет Одағы бойынша партияның XX съезі құрметіндегі бүкілхалықтық социалистік жарыс кең өрістеуде.

Халық партия, оның Орталық Комитеті XX съездің қарарлары біздің халқымызға дем беріп, коммунизмнің жаңа даңқты жеңістеріне жетуге ұйымдастырады деп сенеді.

Партия өзінің даңа және шыңдалған Орталық Комитетінің басшылығымен өз съезіне біртұтас және тығыз топтасқан жағдайда келеді. (Қолшапалақтау).

Партияның халықпен біртұтастығы, совет халқының бірлігі, барлық халықтық демократия елдермен туысқандық одағы және барлық елдердің еңбекшілерімен достығы — міне ешқандай жаудан қорықпайтын, өзінің бейбітшілік пен социализмнің жеңісіне жету жолындағы барлық бөгеттерді қыйратып өтетін қуатты күш осы. (Ұзақ қолшапалақтау).

Жолдастар! Октябрь революциясы ғасырларға күш құятын, ғасырлар бойы жыйнақталып келген орасан зор халықтық жігердің жарқын, қуатты көрінісі. Ал біз жыл сайын күрестің өткен жолын шөла келіп, халықтық жігердің, творчествоның және даналықтың бұл шексіз қазынасынан бұдан былайғы күрес үшін, болашақ үшін, коммунизмнің алдағы жаңа жеңістері үшін тың күш алып отырамыз.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының туы астында, Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің туы астында, Коммунистік партия мен оның Орталық Комитетінің басшылығымен біз жеңіске жетіп келдік және жеңіске жете береміз, біз коммунизмнің толық жеңісіне қарай алға басып келдік және алға баса береміз! (Овацияға ұласқан ұзақ, ду қолшапалақтау, біздің туысқан Коммунистік партия жасасын «Ура!» деген дауыстар).

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы қаулысының орындалу барысы туралы ҚКП Октябрь аудандық комитетінің есебі бойынша

Қазақстан КП облыстық комитеті VIII пленумының 1955 жылғы 24-25 октябрьде қабылдаған қаулысы

Октябрь аудандық партия комитетінің секретары Патютко жолдастың «СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы қаулысының орындалу барысы туралы» есебін тыңдап, талқылап, Қазақстан КП Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің VIII пленумы Октябрь ауданының партия ұйымы ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өрге бастыру жөнінде партия мен үкімет алға қойған міндеттерді жүзеге асыра және СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын орындай отырып, соңғы уақытта тың және тыңайған жерлерді игеруде, егіс алаңдарын ұлғайтуда кейбір табыстарға жеткенін, жана совхоздар ұйымдастыру және салу жөнінде өдәуір жұмыстар істегенін атап көрсетеді.

Ауданның колхоздары мен совхоздарында 1955 жылғы 1954 жылғымен салыстырғанда егіс алаңы екі еседен аса ұлғайтылды. Тұңғыш рет 4 мың гектардан астам алаңда бағалы дақыл — жүгері егісі өгілді.

Осымен қатар Қазақстан КП обкомінің пленумы Октябрь ауданының партия ұйымы ауыл шаруашылығына басшылық жасаудағы, МТС-тердегі, колхоздардағы, совхоздардағы ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстағы елеулі көмшіліктерді әлі күнге дейін жойған жоқ, сондықтан да СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын орындау жолындағы күресті әлі қанағаттанғысыз жүргізіп отыр деп санайды.

Аудандық партия комитеті, аудандық Совет аткомі, ауданның бастауыш партия ұйымдары және МТС, совхоздары мен колхоздарының басшылары астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде қолда бар резервтерді нашар пайдаланады.

Үстіміздегі жылы колхоздарда егіс алаңының 62 мың гектарға ұлғайтылғанына қарамастан, дөңді дақылдардың жалпы түсімі өткен жылғыдан кем болып шықты. Бұл — жер шаруашылығы мәдениетінің төмен болуының, көктемгі дала жұмыстарының ұзаққа созылуының және егін жыйнау кезінде астықтың көп ысырғышына жол берілуінің салдары. Совхоздарда дөңді дақылдардың әрбір гектарынан алынған өнім өткен жылғыға қарағанда екі есе дерлік көшіп кетті. Аудан астық дайындау жоспарын 1955 жылғы 20 октябрьде дейін небары 50,1 процент ғана орындады, ал тұқым кую жоспарын әлі күнге дейін орындаған жоқ.

Дөңді дақылдар себудің тоғыспалы және тарқатарлы әдістері картоп, оwoць, жүгері және басқа дақылдарды себудің шаршы-ұялы әдістері жеткіліксіз енгізілуде.

«Путь к коммунизму», Чапаев атындағы колхоздардың бақша шаруашылығын

Степной және басқа ескі совхоздарда мал шаруашылығы бетімен жіберілген.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жөніндегі шаралардың қанағаттанғысыз орындалуы 20 октябрьде дейін ауданның белгіленген жоспарды еттен 86,4 процент, сүттен — 59,7 процент, жүннен — 56,7 процент және жұмыртқадан 24 процент ғана орындауына әкеліп соқты.

Мал қыстауға әзірлік, әсіресе жемшөп дайындау, мал қораларын салу және жөндеу өте қанағаттанғысыз жүргізілуде. 20 октябрьде дейін жабайы азық дайындау жоспары колхоздарда небары 35,2 процент, совхоздарда — 40,4 процент, сүрлем салу жоспары колхоздарда — 24,2 процент және совхоздарда 61,9 процент орындалды. Колхоздарда әрбір сыйырға 2,8 тонна ғана сүрлем келеді. Мал қораларын салу жоспары орындалмай қалуда: салынп жатқан 60 орыннан 1 ноябрьге дейін небары 12 орын ғана салынып бітті.

Қазақстан КП обкомінің пленумы Октябрь аудандық партия комитеті, аудандық Совет аткомі және бастауыш партия ұйымдары колхоздар мен совхоздарда бар ішкі резервтерді толық пайдалану жолында тиісті күрес жүргізбейді, кей реттерде жекеленен шаруашылық ұйымдар басшыларының мемлекеттік қордан құрылыс материалдарын, тұқым алуға сенетін тілемсектік пайдаландырып қолдап келді деп атап көрсетеді.

Ауданның бірқатар колхоздары мен совхоздарында еңбек тәртібін нығайтуға бағытталған шаралар қолданылмайды. Ауылшаруашылық жылдың екінші жартысында еңбекке жарамды колхозшылардың 10 проценттен астамы белгіленген еңбеккүн минимумын ташпады, ал «Трудовик» колхозында 94 колхозшы еңбек күн минимумын ташпаса, олардың ішінде артельдің 24 мүшесі колхоз өндірісіне мүлде қатынаспаған.

Аудандық партия комитеті МТС жұмыстарын шұғыл жақсартуға әлі күнге дейін жетіскен жоқ. Әсіресе Коновалов және Семиполка МТС-тері жұмысты қанағаттанғысыз істейді. МТС-тердің машина-трактор паркiнің жаңа шыныжұртабанды тракторлармен және басқа да техникамен көп толықтырғанына, олардың маман кадрлармен, әртүрлі мамандықтың мамандарымен, жұмысшыларымен қамтамасыз етілгеніне қарамастан, машина-трактор станциялары өздеріне жүктелген міндеттерді нашар орындап келеді.

МТС-тер колхоздар алдындағы шартты міндеттемелерін трактор жұмыстарының мерзімі және сапасы жөнінен де орындай алмай отыр. Колхоз өндірісіне агрозоотехникалық ғылым мен озат тәжірибе табыс-

те төзімділік жасап, совхоздарда, МТС-терде және «Заготзерно» пункттерінде сауданы және қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысын жақсартуға қажетті шаралар қолданбайды.

Аудандық партия комитеті нұсқаушылар топтарының ролін арттыруға жетіскен жоқ және олар осы күнге дейін колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға аз ықпал жасап отыр. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының колхоздар мен совхоздардың мал фермалары менгерушілерінің құрамын нығайту және мал шаруашылығында жұмыс істеуге коммунистер мен комсомолецтерді жіберу жөніндегі қаулысы қанағаттанғысыз орындалуда.

1955 жыл бойына мал фермаларының менгерушілігі қызметіне бір коммунист те жіберілмеген, ал мал шаруашылығында жұмыс істейтін коммунистердің саны 21 адамға кеміп кетті. Ауданның 3899 комсомолецтерінен мал шаруашылығында бар болғаны 207 адам ғана жұмыс істейді.

Аудандық партия комитетінің және бастауыш партия ұйымдарының кәсіподақ және комсомол ұйымдарына басшылығы жеткіліксіз, жұмыста оларға аз көмектеседі.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары партия қатарының өсуін реттеумен нашар шұғылданады, партияға ауыл шаруашылығының жоғары мамандығы бар, сыналған, лайықты озаттары, әсіресе тракторшыларды, комбайншыларды, сауыншыларды және басқаларын аз қабылдайды. Үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде СОКП мүшелігіне кандидаттыққа 53 адам қабылданса, олардың ішінде колхозшыдан 8-ақ адам бар.

Басшы кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісіндегі елеулі кемшіліктер орын алған. Қызметкерлерді шаруашылыққа басшылық жасау практикасына үйрету, жергілікті жерде нұсқау беру, көмек көрсету орнына, аудандық партия комитеті әртүрлі кеңестер мен мәжілістер өткізумен, қаралар қабылдаумен әуестенеді, оларды ұйымдастыру жұмыстарымен ұштастырмайды.

Көптеген колхоздар мен совхоздарда партия ұйымдары социалистік жарықты ұйымдастыруға үстірт қарайды. Алынған міндеттемелердің орындалуын өзара тексеру және оның қорытындысын шығару еірек жүргізіледі. Аудандық баспасөзде және қабырға газеттерінде, көрсеткіш тақталарында жарыс нәтижелері мен озаттардың жетістіктері нашар көрсетіледі.

Бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының дәрежесі төмен. Аудандық ұйымдардың жұмыстары МТС-терде

ды 1956 жылы жүзеге асыру міндеттелсін.

4. Аудандық партия комитеті, аудандық Советтің аткомі, МТС, совхоз директорлары және колхоздардың басқармалары 1956 жылда қоғамдық мал үшін әрбір ірі қара мал басына есептенгенде кемінде 25 центнер шөп, 6—8 тонна құнарлы азықпен және 1,5—2 центнер концентрат дайындауға жетісу міндеттелсін. Берік жемшөп базасын жасауда шешуші шарт ретінде жүгері егісін кеңейту және одан мол өнім алуға ерекше назар аударылысын.

1956 жылы шепенделген орлар мен траншеялар қазу, тиісті мал қораларының құрылысы кеңінен өрісетілісін. Бұл үшін жергілікті құрылыс материалдарын пайдалану, сондай-ақ мал шаруашылығындағы еңбекті жөп қажет ететін процестерді механикаландыруды қамтамасыз ету қажет.

5. Аудандық партия комитеті, аудандық Совет аткомі, облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп, облыстық кәсіпшілік Советі табиғий байлықты пайдалану үшін шаралар белгілеуге, ауданның жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп кәсіпорындарының жергілікті құрылыс материалдарын өндіру жөнінде жұмысын жақсартуға міндеттелсін.

6. Аудандық партия комитетіне, бастауыш партия ұйымдарына, аудандық Советтің атқару комитетіне, МТС-тер мен совхоздардың директорларына, колхоздардың басқармаларына және кәсіподақ ұйымдарының жергілікті комитеттеріне 1956 жылдан бастап, ауданның картоп пен оwoцьқа деген шөресінуін толық қамтамасыз ету үшін колхоздарда, совхоздарда, колхозшылардың, жұмысшылардың, қызметшілердің және оғордтарында картоп пен оwoць өгістерінің көлемін ұлғайту үшін қажетті шаралар қолдану ұсынылысын.

Барлық колхоздар мен совхоздарда және жұмысшылардың, қызметшілердің, колхозшылардың үй жанындағы учасоктерінде бау-бақша және жеміс ағаштарын отырғызуды кеңінен енгізу үшін «Путь к коммунизму», Чапаев атындағы колхоздардың инициативалары мен белгілі бағдар Батеха жолдастың тәжірибесі кеңінен таратылысын.

7. Аудандық партия комитеті, аудандық Совет аткомі және МТС-тердің бастауыш партия ұйымдары машина-трактор станцияларының жұмысын шұғыл жақсартуға, олардың іс жүзінде колхоз өндірісінің шешуші күш болуына және барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алуға, мал басының өсуіне және оның өнімділігінің артуына жетісуге міндеттелсін. Мал азығын дайындау,

теті январь Пленумының қарарларында белгіленген әрбір 100 гектар жерден астық, ет, сүт өндіру дәрежесіне жетісу ісіне ерекше назар аударылысын.

12. Аудандық партия комитеті, аудандық Совет аткомі, МТС-тер мен совхоздардың директорлары, колхоздардың басқармалары еңбекті ұйымдастырудағы кемшіліктерді жоюға, еңбек тәртібін күшейтуге, еңбекке жарамды колхозшылардың еңбеккүн минимумын ташпауларына жол бермеуге, еңбектің өсебіне, оған ақы төлеуді жоюға қоюға, қосымша ақыны кезінде беру, сондай-ақ колхоздардың арнаулы счеттарынан колхозшылардың еңбеккүндеріне ақпалай аванс беруді кезінде қамтамасыз етуге міндеттелсін.

13. Қазақстан КП обкомінің пленумы аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдарынан колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында Н. С. Хрущев жолдастың атап көрсеткен партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыруды бағаламаушылықты батыл жою, даарлығы мол коммунистер мен комсомолецтер, сондай-ақ, село интеллигенттері өсебінен үгітшілердің құрамын нығайтып, кеңейту, нұсқау беру және тәжірибе ауыстыру үшін олармен үнемі аусталық және аудандық кеңестер өткізу, сөйтіп үгіт жұмысының МТС-тердің, совхоздардың және колхоздардың ауыл шаруашылығы өндірісін шұғыл өрге бастыру ісінде алда тұрған міндеттермен тығыз байланысты болуына жетісу талап етілісін. Адамдар арасындағы саяси жұмысқа аудандық ұйымдардың, МТС-тер мен совхоздардың және колхоздардың басшы қызметкерлері кеңінен тартылатын болсын.

14. Партиялық-саяси жұмысты жақсарту мақсатымен аудандық партия комитеті, МТС-тердің, совхоздардың, колхоздардың бастауыш партия ұйымдарының секретарылары үстіміздегі жылдың октябрь-ноябрьде барлық жөндеу мастер-скойларында, мал фермаларында, сондай-ақ, егіс бригадаларында қызыл мүйістер ұйымдастыруға, оларды жабықтап, газет, журналдармен, шахмат, дойбылармен және радиоқабылдағыштармен қамтамасыз етуге, социалистік жарыстың барысы мен озаттардың табыстарың баяндайтын жауынгерлік листоктар мен бюллетеньдердің үнемі шығарылуын ұйымдастыруға міндеттелсін. Қызыл мүйістерде жұмыс істеу үшін ең таңдаулы даярлығы мол және тәжірибелі үгітшілер бөлісін.

15. Аудандық партия комитеті, комсомол және кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастыру ісіндегі үстірттілікті жоюға, социалистік жарыс барлық ауылшаруашылық қызметкерлерінің белсенділігі мен творчестволық ісін өсерлі құрауы болуына жетісуге міндеттелсін. Мал

Мереке қарсаңында қол жеткен табыстарды баянды етейік!

Жол құрылысшыларының табысы

СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына арнаған Ұрандарымен жігерленген Қыялы-Көрнеекке арасына автомобиль жолын салып жатқан № 24 машина-жол станциясының коллективі бұл күндері өндірістік жаңа табыстарға ие болуда.

Жол құрылысының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері және қызметшілері жұмыстың барлық түрінен жылдық жоспарды 1 ноябрьде дейін 112 процент орындады. Құрылысшылар жақын арада Қыялы станциясы мен Шағлы астық совхозының орталық усадьбасын жалғастыратын 10 километрлік автомобиль жолы кесіндісін пайдалануға берді. Бұл жолды қабылдаған мемлекеттік комиссия жолдың сапалы өзірленгенін атап көрсетті.

Құрылысшылар жылдық жоспар бойынша 1955 жылғы 30 километр жол бойында жер қазу және тегістеу жұмыстарын жүргізуге тиісті еді. Олар көзірдің өзінде 46 километр жолдың жер қазу және тегістеу жұмыстарын аяқтады.

Мереке құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, әсіресе № 2 құрылыс отрядының коллективі өндірістік зор табыстарға ие болды. Отряд бастығы И. Клименко, техноругі Е. Загира жолдастар құрылыс жұмыстарын шапшаң және сапалы жүргізуді дұрыс ұйымдастырды. Сөйтіп олар отрядтың әрбір мүшесінің емендік тапсырманы асыра орындап отыруын қамтамасыз етті.

Машина-жол станциясы жұмысшыларының арасында еңбекте үздік көрсеткіштерге жетіп, жоспарды артығымен орындап жүрген озаттар саны көптеп саналады. Олардың қатарында грейдер элеваторының механигі В. Зозленко, тракторшылар А. Кулиниченко, экскаваторшы И. Малышко тағы басқа жолдастар бар. Аталған еңбек озаттары емена сабын тапсырманы 180-200 процентке дейін жеткізе орындап жүр.

Құрылысшылар коллективі автомобиль жолын салумен бірге, өздерінің тұрмыстық қажеттеріне керекті тұрғын үйлер және басқа да құрылыстар салу ісін қосақабат жүргізіп келеді. Үстіміздегі жылдың өзінде мұнда жаңадан екі қабатты тұрғын үй, 30 пәтерлік жатақхана салынып, толығымен жабықталды, пайдалануға берілді. Сол сияқты мұнда қуаттылығы 60 киловаттық электр станциясы, радио төрабы, кеңсе үйі және көптеген қоймалар салынды.

№ 24 машина-жол станциясының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Ұлы Октябрь социалистік ре-

Октябрь совхозының өнім шаруашылығын өркендетуде бай тәжірибесі бола тұрса да аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқомі, МТС, көптеген колхоздар мен совхоздардың басшылары, қаргоп, өнім, жемістер мен жидек өндіруді ұлғайту жөнінде шаралар белгілемей отыр.

Аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқомі ауданның экономикасын өркендету ісімен нашар шұғылданады, колхоздарға үстірт басшылық жасайды, колхоз өндірісін өркендетудің перспективалық мәселелерін елемейді, СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарына жүзеге асыру жөнінде шаралар белгілеуге үстірт қарады. Бірқатар колхоздарда 1955—1960 жылдары ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұлғайту жөнінде белгіленген шаралар көпшілік жыйналыстарында талқыланбады, осының салдарынан көптеген колхозшылар ол туралы білмейді.

Қазақстан КП обкомінің пленумы аудандық партия комитеті СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жөніндегі қаулысын мүлде қанағаттанғысыз орындап отыр, ауыл шаруашылығы өндірісінің бұл маңызды салаларының артпа қалушылығын жою жөнінде шаралар белгілемей отыр деп санайды. Үстіміздегі жылы ауданда ірі қара мал 1857 бас, шошқа — 1743 бас, қой мен ешкі — 9856 бас кеміді.

Аудан колхоздарында 1955 жылға белгіленген шаралар бойынша, 6,8 бас ірі қара мал, 12,2 бас қой және 2,4 бас шошқа орнына пайдалануға жарамды әрбір 100 гектар жерге 3,7 бас ірі қара мал, 10 қой және әрбір 100 гектар егістікке 1,6 бас шошқа келеді. Әрбір 100 гектар егістікке, шабындық пен жайылымға сүт өндіру 18,5 центнердің орнына небары 12,5 центнер ғана болды. Әрбір сауын сыйырдан алынған сүт өткен жылдың дәрежесінде қалып, небары 1176 литр болды, ал 1951 жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1271 литр сүт алынған еді.

Аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқомі, МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың басшылары малдың жаппай өлуі фактілеріне төзіп келді. Өткен жылы аудан колхоздарында малдың барлық түрінен 7746 бас, оның ішінде 1488 бас ірі мүйізді қарамал, 5702 қой және 526 шошқа шығын болды.

Ауданда ет өндіру мүлде нашар күйде. Малды жайып бағуды және қолда жемдеуді нашар ұйымдастырудың салдарынан малдың өлеуі орта және ортадан төмен қандылықпен талпырылады, бұдан колхоздар, совхоздар және мемлекет орасан көп зиян шегуде.

Әсіресе шошқа шаруашылығын өркендету ісі нашар жағдайда. Үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде аудан колхоздары мемлекетке бар болғаны тірідей салмағы 31 центнер 20 шошқа тапсырды. Сол сыяқты құс шаруашылығы да нашар өркендетілуде.

Аудан партия комитеті отыр. Үстіміздегі жылы аудан колхоздарында көптемі егіс 10—12 күннің орнына 26—30 жұмыс күніне созылды, көптеген колхоздарда егіс алдындағы жұмыстар тек тырмалаумен ғана тындырылды. Агротехниканы бұрмалау және егісті нашар куту егінде арашынның қашап кетуіне әкеліп соқты. Үстіміздегі жылы аудан колхоздарында 17,1 мың гектар алаңда ауылшаруашылық дақылдары өнім бермеді. Комбайндар мен тракторлардың техникалық жағынан жарамсыздығынан және еңбектің нашар ұйымдастырылуынан үстіміздегі жылы ауданның колхоздарында, әсіресе совхоздарында егін жыйнауудың ұзаққа созылуына және астықтың көп ысырап болуына жол берілді.

Ауданның МТС-тері мен совхоздары еңбекті механикаландыруға тиісінше назар аудармайды, дөңді дақылдардың астығын тазалау және өңдеуде қолда бар техника нашар пайдаланылады.

МТС-тердің басшы қызметкерлері мен мамандары жүгері өңдеуге жауапсыздықпен қарады. Оны ету көп мерзімдерде жүргізілді, тұқымы тайыс сіңірілді, қатқилеу және қатаралықтарды онан өрі өңдеу жүргізілмеді. Осының бәрі егістің көпшілігінің шықпай қалуына және өнімнің аз алынуына әкеліп соқтырды. «Интернационал» колхозында 116 гектар жүгері егілген еді, ал мұның 50 гектары ғана өнім берді, оның әрбір гектарынан 25—30 центнер көкше алынды. Киров атындағы колхозда жүгері-көкшесін орларға салу 18 күнге созылды. Бұл 400 тонна сүрлемдік көкшенің жарамсыз болуына әкеліп соқты.

Облыстық партия комитетінің пленумы аудандық партия комитетінің совхоздарға басшылық ету жұмысында елеулі кемшіліктерге жол берілген деп есептейді. СОКП Орталық Комитетінің, январь Пленумында жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев бұқаралық-саяси жұмысты нашар жолға қойғаны және совхоздарға нашар басшылық жасап отырғаны үшін Октябрь аудандық партия комитетінің сыңға алған болатын. Аудандық партия комитеті және совхоздардың бастауыш партия ұйымдары бұдан тиісті қорытынды жасамады, жаңадан қоныстанғандарға оңды мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде аз қамқорлық жасайды, олардың арасында саяси және мәдени-тәрбие жұмыстарын нашар жүргізіп келеді. Осының салдарынан совхоздарда, МТС-терде, құрылыс ұйымдарында және «Заготзерно» пункттерінде жұмысшы күшінің тұрақсыз болуына жол берілген. Үстіміздегі жылы ауданның жаңа совхоздарынан ғана ешбір себепсіз 418 жұмысшы кетіп қалған.

«Марьевскстрой» тресі құрылыстар салып жатқан бірқатар совхоздарда өндірістік тұрғын және мәдени-тұрмыстық үйлер салу мейлінше қанағаттанғысыз жүргізіледі. Әсіресе Еңгім, Тимирязев және Интернационал совхоздарында құрылыстың барысы өте мүшкіл жағдайда.

Аудандық партия комитеті және аудандық Совет атқомі елеулі кемшіліктер-

колхоз басшылары және село интеллигенциясының көпшілігі еңбекшілер алдында лекциялар оқуға, баяндамалар жасауға тартылмайды. Жекелеген басшы қызметкерлер колхозшылармен, МТС және совхоз қызметкерлерімен тікелей қатынас орнатудың маңызын жете бағаламайды. Аудандық партия комитетінің секретарьлары Мальцев, Ыбраев жолдастар еңбекшілер алдында саяси баяндамаларды өте сирек жасайды.

Аудандық партия комитеті үгіт коллективтерінің жұмысын дұрыс бағыттап отырмайды, көптеген үгітшілер қағаз жүзінде ғана есепте бар, бірақ көпшілік арасында үгіт жұмыстарын жүргізбейді. Үгіт жұмыстары науданшылық сыпатта, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың нақтылы өндірістік міндеттерінен тыс қалған.

Мәдени-ағарту мекемелері — клубтар, кітапханалар, оқу залдары колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының мәдени тілектерін нашар қанағаттандырады, олар кадрлармен нашар қамтамасыз етілген. Көптеген елді пункттерде мәдениеттің бұл орталықтарының жұмыстары бітіммен жіберілген.

Қазақстан КП обкомінің пленумы қаулы өтеді:

1. Октябрь аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын орындау жөніндегі партиялық-саяси жұмыстары көпшіліктерді жоюға міндеттелсін.

2. Барлық коммунистерді, комсомолдерді, МТС, совхоз қызметкерлерін, колхозшыларды, ауыл шаруашылығы мамандарын СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі қаулысын сөзсіз орындау жолына жұмылдыру — аудан партия ұйымының, аудандық партия комитетінің, бастауыш партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының маңызды міндеті болып есептелсін.

3. Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығындылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жөніндегі белгіленген шараларды орындау мақсатымен аудандық партия комитеті, аудандық атқару комитеті, МТС-тердің, совхоздардың және колхоздардың басшылары егіншіліктің мәдениетін арттыруға, көптемі егісті қысқа мерзімде өткізу үшін оған тыңғыллықты әзірлікті өрістетуге, топырақ өңдеудің, ауылшаруашылық дақылдары егісін кутудің, сондай-ақ егін жыйнау кезінде ысырапқа жол бермеудің, озат тәсілдерін кеңінен қолдануға міндеттелсін.

Облыста ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде Октябрь ауданының үлкен үлес салмағы атап көрсетіліп, облыстық ауыл шаруашылығы және совхоздар басқармаларына үстіміздегі жылғы декабрьге дейін ауданның колхоздары мен совхоздарында да озат агротехниканы енгізу шараларын ерекше қарау, сонымен қатар аудандық ұйымдармен бірлесіп отырып, ол шаралар-

ворларындағы міндеттерді кезінде орындау үшін шешуші шаралар қабылдап, МТС басшыларының мал қораларының құрылысының жайы және орлар мен траншеялар қазу үшін жауапкершіліктері арттырылсын.

8. Аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқомі және МТС-тердің, совхоздардың бастауыш партия ұйымдары барлық қызметкерлерді егістік және жайылымдық жерлерді жақсы пайдалану, колхоздар мен совхоздардың өндірісіне агрономиялық ғылым мен озат тәжірибені табыстарын енгізу, Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша топырақ өңдеу системасын қолдану жолындағы күреске, әрбір жүз гектар жерден алынатын ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді шұғыл арттыру және өнім бірлігіне жұмсалатын еңбек пен қаржы шығынын кемітуді қамтамасыз ету жолындағы күреске жұмылдыруға міндеттелсін. Техниканы дұрыс пайдалану, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кеміту негізінде 1956 жылда әрбір совхоздың рентабельді жұмыс істеуіне, МТС-тердің колхоздардағы жұмысы үшін заттай ақы есебінде мемлекетке тапсырылатын өнімдердің бағасының төмен болуына жетісу қажет.

9. «Марьевскстрой» тресінің бастығы Белов жолдастан, тресің бастауыш партия ұйымынан, совхоздардың, МТС-тердің және «заготзерно» пункттері директорларынан таяудағы уақыттың ішінде өндірістік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй құрылыстарын аяқтау, жаңа жерге қоныстанушылардың семьяларының жақсы жабықталған пәтерлерге орналастыруы сондай-ақ 1956 жылғы құрылыстың жоспарларын ойдағыдай қамтамасыз ету талап етілсін.

10. Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары таяудағы күндерде партия, комсомол күштерін орналастыруға, мал шаруашылығына қажетті мөлшерде коммунистер мен комсомолдерді тұрақты жұмысқа жіберуге, мал фермалары менгерушілерінің, сондай-ақ МТС-терді, колхоздарды және совхоздарды трактор, егіс бригадалары бригадирлерінің құрамын нығайтуға міндеттелсін. Мал фермаларында, егіс және трактор бригадаларында партия және комсомол топтары құрылып, оларға партиялық-саяси жұмыстың және әрбір коммунист пен комсомолдың өндірісте, авангардтық ролін арттыруда жүзеге асыру жөнінде көмек көрсетілсін.

11. ККП аудандық комитеті мен аудандық Совет атқоміне барлық колхоздарда, совхоздарда және МТС-терде астықтың, етті, сүтті және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру үшін пайдаланылмаған қосымша резервтерді іздестіріп табу жөнінде қажетті жұмыстар жүргізу, үстіміздегі жылы 30 декабрьге дейін колхозшылардың, МТС пен совхоз қызметкерлерінің жалпы жыйналыстарында 1956 жылғы колхоздар мен совхоздарды өркендету жөніндегі шараларды талқылау, оларға тиісті өзгерістер енгізу ұсынылсын. Бұл жұмыста СОКП Орталық Коми-

фермалары, бригадалар, колхоздар, МТС және совхоздар арасында қабылданған социалистік міндеттемелердің орындалуы тексеріліп, тексерістің қорытындылары колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің жыйналыстарында талқыланатын болсын. Социалистік жарықтың жариялылығын, социалистік жарықтың бағысының қорытындыларын Құрмет тақталары мен көрсеткіш тақталарында, қабырға газеттерінде, аудандық газет пен совхоздардың көп тиражды газеттерінде кезінде жазылуы қамтамасыз етілсін.

16. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет өткізіп тұтынушылар кооперациясының кадрларына басшылықты жақсартуға, сауда ұйымдарының жұмысына бақылауды күшейтуге және оларға практикалық көмек жасауға міндеттелсін.

Облыстық тұтынушылар одағының басқармасы (Водянов жолдас) үстіміздегі жылдың 15 ноябрьге дейін 1955—1956 жылдардың қысқы маусымына қажетті күнделікті тұтыну товарларын Октябрь ауданы мерзімінен бұрын тасып жеткізуге және МТС-терде, совхоздарда, «заготзерно» пункттерінде қоғамдық тамақты жақсарту үшін шаралар қолдануға міндеттелсін.

17. 1956 жылдың егісінен жыйналатын астықты қабылдау, орналастыру және кентіру үшін қоймалардың қажетті сыйымдылығын қамтамасыз ету мақсатымен «Петропавловскстрой» тресі (Гайдар жолдас) үстіміздегі жылы декабрьден кешікпей Қарақөл және Сулы темір жол станцияларында құрылыс-монтаж басқармаларын ұйымдастырып, 1956 жылғы астық қоймаларының құрылысын ойдағыдай жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасауға міндеттелсін.

18. Қазақстан КП обкомінің бюросы мен облыстық Совет атқоміне үстіміздегі жылы декабрьден кешікпей аудандық партия комитеті мен аудандық атқомінің Октябрь ауданының экономикасын онан өрі өркендету ісімен байланысты қосымша мәселелер қарау тапсырылсын.

19. Озат тәжірибені көрсету және тарату мақсатымен ККП аудандық комитеті мен аудандық Совет атқомі 1956 жылғы аудандық ауылшаруашылық көрмесін ұйымдастыруға міндеттелсін.

20. Аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқомі, комсомол және кәсіподақ ұйымдары, МТС-тердің, колхоздардың және совхоздардың басшылары СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарыстың кеңінен өрістетуге, мал қыстау маусымын ойдағыдай өткізуге және көктемгі егіске әзірлікті қамтамасыз етуге міндеттелсін.

Қазақстан КП обкомінің пленумы Октябрь ауданының партия ұйымы өзінің алдында тұрған міндеттерді орындай алады, ауданның ауыл шаруашылығының артта қалушылығын жоюды және СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын жүзеге асыру негізінде 1956 жылғы астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді анағұрлым арттырады деп толық сенім білдіреді.

жақсы табыстармен қарсы алды, партияның XX съезі ашылу күніне лайықты өндірістік тарту әзірлеу үшін бұл күндері социалистік жарысты кең көлемде өрістетіп отыр.

С. КАЙМОВ,
Совет ауданы.

Бесжылдық жоспар орындалды

Электр өнеркәсіп министрлігінің Петропавл заводы коллективі Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі құрметіндегі жарысқа қосыла отырып, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесіне дейін бесжылдық жоспарды толық орындап шығуға міндеттенген болатын. Завод коллективінің социалистік жарыста алған міндеттемесі мен істеген ісінің арасында ашықтық болған жоқ. Олар 29 октябрь күні бесінші бесжылдықтың ең соңғы өнімін шығарып берді.

Завод коллективі мұндай жақсы нәтижелерге отандық ең жаңа техниканы өндіріске тиімді пайдалану, технологиялық процестерді жетілдіру, өндірістің әрбір шаршыметр алаңынан алынатын өнімді молайту, сол сияқты рационализаторлар мен өнертапқыштардың творчестволық ой пікірінен туған жаңалықтарды өндіріске батыл енгізу негізінде жетіп отыр.

Бесжылдық жылдарында завод рационализаторлары Краев, Фурсов және Дрягин жолдастар көптеген жаңалықтар тауып, өндіріске өр пайда келтірді. Слесарь Иван Черемушкин жолдастың есімі бүкіл коллективке өртенден-ақ мәлім. Черемушкин жолдас соңғы жылдардың өзінде-ақ көптеген машиналар мен аппараттардың жұмыс өнімділігін арттыратын жаңалықтар ашты. Оның бұл жаңалықтары, әсіресе еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механика күшімен итеруге, өндірісте еңбек өнімділігін арттыруға, сол сияқты шығарылатын өнімнің сапасын жақсартуға бағытталған.

Р. ҚАСЫМОВ.

Жаңа электр пеші

Шағын двигательдер заводында жоғары жиілікте жұмыс істейтін жаңа электр пеші пайдалануға берілді. Бұл пеште алғаш рет металл балқытылды. Жоғары жиілік электр тоқтары заводта соңғы уақытта кеңінен қолданыла бастады. Мәселен, «Л—6» және «Л—12» двигательдерінің жұдырық валдары мен болтш валшықтары осы электр тоғымен суарылатын болды. Кезір бұл токпен ике балдар да суарыла басталды.

Завод коллективі өндіріске жаңа техниканы жаппай енгізіп, технологиялық процестерді жетілдіру негізінде еңбек өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік алды. Соңғы олар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесіне лайықты өндірістік тартумен келді.

И. ГАБАСОВ.

Петропавл еңбекшілерінің демонстрациясы

Бұл күндері Петропавл мерекелік салтанатқа бөленді. СОБП Орталық Комитетінің ұрандары жазылған алқызыл маталар, ұлы көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің, партия мен үкімет басшыларының портреттері, шаруашылық табыстарды көрсететін диаграммалар мен транспорттар қала көшелерінің сәнін арттыра түскен. 7 ноябрьдің аязды ертеңділігінде мыңдаған еңбекшілер демонстрация колонналарына жыйнала бастады.

Сағат 11-де мерекелік демонстрация басталды. Октябрь алаңына бірінші болып мектеп оқушылары келді. Міне, революцияның жалынды трибуны С. М. Кировтың үлкен портретін ұстаған оқушылар колоннасы. Олар С. М. Киров атындағы орта мектепке оқыйды. Алаң үстінде оқушылар ұшырған көгершіндер аспанға бийіктей шарықтап, айнала ұшуда.

Мектеп оқушыларынан кейін үстіміздегі жылы құрылған бірінші жоғары дәрежелі оқу орны — Петропавлдың педагогикалық институтының оқушылары мен студенттері келеді. Колоннаның алдында — ондаған кубоктар мен вымпелдер ұстаған институттың таңдаулы спортыш студенттері. Педагогикалық училище коллективінің колоннасы алып шыққан «Жер жүзінде бірінші», «Атом қуаты — бейбітшілік пен прогресс үшін» деген үлкен өкі транспорт алыстан-ақ көз тартады. Бұл сөздерден соғер адамдарының бейбітшілік үшін күрес жолындағы мызғымас бірлігі мен еркін сезінесің.

Ауылшаруашылық техникумының студенттері демонстрацияға облысымыздың «жаңа қоныстанушысы» — жүгері бауларын алып шыққан. Быйылғы жылы бұл тамаша дақылды өсіру арқылы облыста мал азығының мол қорын молайту жөнінде елеулі қажат жасалды. Аз үзілістен кейін трибуна алдынан аяқтарын нық басқан еңбек резервтері мектептерінің оқушылары өтті. Олар үстінде көтеріңкі қондырылған жер жүзінің мәкетін ұстап келеді. Барлық колонналардағы сыяқты бұл колоннаның да алқызыл маталарына «Бейбітшілік!» деген сөз асқан сүйіспеншілікпен жазылған. Ауыл шаруашылығына жүздеген маман тракторшылар мен комбайншылар даярлап берген ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің оқушыларын петропавлдықтар қызу қарсы алды.

Марш ойнаған оркестрден кейін Петропавл темір жол торабының коллективі алаңнан өтті. Үстіміздегі жыл — Петропавл депосы үшін техникалық прогресті дамыту жолында елеулі жыл болды. Ол паровоз депосынан тепловоз депосына айналды. Теміржолшылардың еңбектегі та-

быстары олар алып шыққан ұрандар, плакаттар мен транспорттардан айқын көрінеді. Изоляциялық материалдар заводы көзір 1950 жылмен салыстырғанда өнімді екі есеге дерлік артық шығарады. Завод коллективі бүкілхалықтық мерекені бес жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алды.

Партияның XX съезін лайықты табыстармен қарсы алайық! Шағын двигателдер заводының коллективі демонстрацияға осындай ұранмен шықты. Бұл кәсіпорны он айдың жоспарын мерекеле дейін артығымен орындаған. Колонна ішінде заводтың таңдаулы штамповщиктері Носков пен Бекмаматов, слесарьлар Грудинин мен Тимофеев жолдастар бар.

Облысымызда құрылыс жұмыстары барған сайын кең өріс алууда. Оны алуан түрлі техникаға бай ірі құрылыс ұйымдары жүргізеді. Міне, Петропавл құрылыс-монтаж мекемесі қызметкерлерінің колоннасы. Олар Асанов МТС-індегі құрылыс жұмыстарын мерзімінен көп бұрын, 124 процент орындады. Олардан жаңа қуатты жылу-электр орталығының құрылысшылары да қалысқан жоқ. Таяудағы жылдың ішінде Петропавлдың кәсіпорындары мен мекемелері, мыңдаған пәтерлер жаңа станциядан электр қуатын алатын болады.

Трибуна алдынан А. И. Микоян атындағы ет-консерв комбинатының коллективі саяхат түзеу етуде. Облысымыздағы ең ірі кәсіпорны еңбекшілер үшін шығарылатын азық-түлік сан және сапа жағынан негүрлым молайту жолында қажырлы еңбек ете отырып, Октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыста бірінші орынға ие болды. № 2 тігін фабрикасы қалатағы ең жақс кәсіпорындардың бірі, бірақ оның коллективі аз уақыттың ішінде-ақ игілікті нәтижелерге ие болды. Кәсіпорындары коллективінен кейін дайындау ұйымдарының қызметкерлері алаңға келді. Жұк машинасының үстінде элеватордың үлкен мәкеті орнатылған, онда облыс колхоздары мен совхоздарында өсірілген астықтың мөлшерінің өсуі жөнінде цифрлар жазылған. Петропавл элеваторы быйылғы жылы 1953 жылмен салыстырғанда астықты өкіжарым есеге жуық артық дайындады.

Демонстрациялардың ішінде Петропавл—Марьевка жолының құрылысшылары бар. Олар социалистік жарыста озып шығып, облыстық Күрмет Тақтасына жазылған.

Демонстрация бір сағаттан артыққа созылып, оған 40 мыңнан астам адам қатысты. Ол қала еңбекшілерінің Коммунистік партия идеясына шын берілгендігінің, партия мен оның Орталық Комитетінің төңірегінде тығыз топтаса түскендігінің айқын айғағы болды.

Әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы атқару бюросының мәжілісі

1955 жылдың 2-4 ноябріне Москвада Әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы атқару бюросының мәжілісі болды. Оған әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясының председателі мен вице-председательдері, әйелдер ұйымдарының өкілдері және федерация секретиариатының мүшелері қатысты. Мәжіліске қатысушылар федерация председателі Эжени Коттонның Федерацияның 20 жылдық қызметі және әйелдердің демократиялық қозғалысының оған әрі даму перспективалары туралы баяндамасын тыңдап, талқылады.

Федерация бюросы бейбітшілікті қорғау, әйелдер мен балалардың праволарын қорғау жөніндегі федерацияның қол жеткен табыстары оның барлық әрекеттері миллиондаған әйелдердің мүддесі мен ойына сай келуінің және федерацияның құрар кезде қабылданған программаға сәйкес болуының жемісі екендігін атап көрсетті. Федерация он жылдығының халықаралық әйелдер қозғалысы барған сайын кең көлем алып, әйелдер арасындағы бірауыздылық барған сайын нығайып отырған жағдайда мейрамдалып отырғандығы атап көрсетілді. Жұырда болып өткен аналардың Бүкіл дүниежүзілік Конгресі бұған айқын дәлел.

Федерация бұл күндері аса үлкен күш болып табылады. Егер федерация алғаш ұйымдасқан кезде өз қатарында 40 елдің 80 миллион әйелдерін біріктірген болса, көзіргі уақытта оның құрамында 200 миллион адам бар және оның әсері дүние жүзінің 80 елдерінің әйелдеріне тарап отыр.

Мұның өзі әйелдердің Халықаралық Федерациясына және оның ұлттық ұйымдарына үлкен жауапкершілік жүктейді және олардың алдына әйелдерді бейбітшілік және балаларды қорғау күресіне, халықаралық шиеленісті бәсеңдету, әйелдердің правосы жолындағы күреске онан әрі көнпел тарту жөнінде жаңа міндеттер қояды.

Бюро Федерацияның он жылдығына байланысты дүние жүзінің барлық әйелдеріне үндеу, Төрт держава Сыртқы істер министрлерінің Женевадағы Кеңесіне хат және федерацияның таяудағы уақыттағы жұмыс перспективаларын белгілейтін қарар қабылдады.

Атқару бюросы өзінің қарарында барлық ұлттық ұйымдарға Федерацияның он жылдығымен байланысты, федерацияның мақсаты мен міндеттерін насихаттау үшін, сол сыяқты өткен он жыл ішінде әйелдердің демократиялық қозғалысының табыстарын насихаттау үшін бұқаралық жұмыс жүргізуді ұсынды. Бұл жұмыс бүкіл дүние жүзі әйелдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Соңғы уақытта Египетте болып жатқан және египет халқының өз елінің мемлекеттік суверенитеті, тәуелсіздігі мен көрнекі жолындағы күресінің күшейе түскенін көрсететін оқиғаларды совет адамдары зор ықыласпен қадалауда. Көзірлі Египет ұзақ уақыт бойы өзін байлап-матап келген империалистік бұғаулардың қалдықтары мен зардаптарынан бүтіндей арылуға және Египет халқының мүдделеріне жауап беретіндей саясат жүргізуге ұмтылып отыр.

Египет—Африканың солтүстік-шығысында орналасқан, көлемі 994 мың шаршы километр территорияны алып отырған ең ірі араб елі. Бірақ бұл территорияның 96 проценттен астамы шөл дала (Ливия мен Аравия шөлдері) немесе таулы және шөлді аудандар болып табылады. Египеттің 28 миллион халқының негізгі бұқарасы елдің бүкіл территориясының небәрі 3 проценті ғана болып табылатын Нил өзенінің алабында мекендейді. Египеттің негізгі қалалары мен басқа елді пункттерінің нақ өздері, сонымен қатар ауылшаруашылық аудандары осы арада шоғырланған. Нилдің алабы —Египеттің негізгі ауылшаруашылық ауданы. Египеттің халқы осы арада ең ерте замандардан бері ауыл шаруашылығымен шұғылданып, мақта өсіріп келеді. Ерте замандағы тарихшы Геродоттың тауыш айтқанындай «Египет —Нилдің қазынасы». Ең соңғы статистикалық деректер бойынша Египеттің қалаларында бүкіл халықтың 20 проценттен сәл артығы ғана тұрады, ал халықтың 80 проценті селолық аудандарда мекендейді.

Египет өзінің көп ғасырлардан бергі тарихының өнбойында шетелдік шапқыншылықтарға сан рет ұшырады. 1517 жылы оны түріктер басып алып, ол үш ғасыр бойы Оттоман империясының бір бөлігі болып келді. 1798 жылдан 1801 жылға дейінгі уақыттың ішінде Египет Наполеонның армиясы тарапынан шабуылға ұшырады. Өлкен ғасырдың 70-ші жылдарының аяқ кезінде Англия, сондай-ақ Франция мен Италия Египетте экономикалық және саяси үстемдіктерін орнатты.

Египет халқы жалғандықтардың қожалық етуіне ешуақытта да төзген емес. 1882 жылы елде «Египет —египеттіктердікі» деген ұранмен қуатты азаттық қозғалысы басталып, бұл қозғалысты Египет ұлтшыл Араби-паша басқарды. Египетті тек өзінің ғана ықпалындағы аймақ деп санаған Англия Египетке әскерлер жіберді. Араби-пашаның күштері талқандалып ағылшын әскерлері Каирді басып алды. Англияның Египетті оккупациялауы міне осылай басталып, ол 72 жылға созылды.

Бірақ Египет халқы шетелдік оккупацияға төзген жоқ. 90-шы жылдардың өзінде-ақ бұл елде Египеттің тәуелсіздігі

ворды жою туралы мәселе жөнінде Англиямен сан рет келіссөздер жүргізді. Бірақ Англияның ымыраға келмеуі салдарынан бұл келіссөздер сәтсіздікке ұшырады. Ағылшындардың позициясы египеттіктердің жаппай көкті ызаасын тудырды. 1951 жылы елдегі ұлт-азаттық қозғалысы қайтадан күшейді. Жаппай наразылық қозғалысы өрістеген жағдайда Египеттің парламенті 1951 жылғы 15 октябрьде Англиямен жасалған 1936 жылғы договорды бұзды.

Ұлт-азаттық қозғалысының өрістеуімен қатар Египет халқында антифеодалдық және антимонархиялық пайырлар күшейе түсті, өйткені ол елдің жартылай ағылшын отары жағдайында болғаны үшін жауапкершіліктің едәуір бөлігі Египеттің сол кездегі мүлде іріп-шіріген мемлекеттік ашшаратына жүктелетінін түсінді. 1952 жылдың жазында Египетте маңызды саяси оқиғалар болды. 1952 жылғы 23 июльде Египет армиясының бір топ офицерлері елдегі монархиялық тәртіпке қарсы шығып, оны құлатты. Король Фарук тағынан түсіріліп, Египеттен тыс жерге қуылды. Бүкіл өкімет билігі «Басшы революциялық советтің» қолына берілді. 1953 жылғы июльде Египет республика деп жарияланды. Жас республиканың алдында отарлық және феодалдық езюшіліктің қалдықтары мен сарқыншақтарын жою қажеттігімен байланысты қыйын міндеттер тұрды.

Ең алдымен ағылшын әскерлерін Египеттің территориясынан әкетуге күш салу қажет болды. Осы мақсат үшін ағылшындармен жаңа келіссөздер басталып, бұл келіссөздер Суэц каналы аймағынан ағылшын әскерлерін 20 айдың ішінде әкету туралы келісімге 1954 жылғы октябрьде қол қоюмен аяқталды.

Египеттің алдында көптеген экономикалық проблемалар да өте күшті қойылды. Египет —мақта өсірумен маманданған аграрлы ел. Египеттің мақтасы әсіресе оның ұзын талшықты «жарнак» дейтін сорты бүкіл дүние жүзіне мәлім. Египеттің бүкіл экономикасы мақта егу ісін дамытуға байланысты. Бірақ елдегі қатынастар бұл міндетті шешуге бөгет болды. Мынаны еске салудың өзі-ақ жеткілікті: бүкіл өңделетін жердің үштен екі бөлігі помещиктер мен ірі жер иеленушілердің қолында шоғырланып, жердің тек үштен бірі ғана миллиондаған шаруалар шаруашылықтарының үлесіне тиіп отыр. Міне осы жағдайда аграрлық реформа жүргізу Египеттің жаңа басшыларының алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі болды. 1952 жылғы сентябрьде жер реформасы туралы заң қабылданды, бұл заң бойынша, помещиктердің 84 гектардан асатын басартық жерлері белгілі ақы төлеу

Оқушылардың сұрақтарына жауап

БҮГІНГІ ЕГИПЕТ

Багдад блогіне мұндай көзқарас Египеттің көзірлі басшылығының отаршылдық жөніндегі позициясымен тікелей байланысты. Азия мен Африка елдерінің осы жылы апрельде Бандунгте болған конференциясында Египеттің делегациясын басқарған премьер-министр Насер сөз сөйлеп, отаршылдықты және шағын елдердің ішкі істеріне араласушылықты қатты сынады. Ол Азия мен Африканың барлық елдеріне тәуелсіздік беруді талап етті. Насер халықаралық мәселелерді шешуде «күш көрсету тұрғысындағы» саясатты айыптады және атом қаруына тыйым салуды жақтаған иікір айтты.

Гамаль Абдель Насердің үкіметі басқа елдермен сауда байланыстарын ұлғайту саясатын жүргізуде, ол Египеттің товарларын өткізу үшін жаңа рыноктар табуға, сөйтіп Египетті кейбір батыс елдерімен саудадағы тәуелді жағдайдан құтқаруға ұмтылып отыр. Соңғы уақытта Египеттің Совет Одағымен және Европа мен Азияның халықтық демократия елдерімен экономикалық қатынастарды ұлғайтуға ұмтылған талабы едәуір күшейе түсті. 1954 жылғы мартта Египет пен Совет Одағы арасында теңправолылық және өзара тиімділікке негізделген сауда келісіміне қол қойылды. Жұырда, сентябрь айында, Совет Одағы мен Египет 60 мың тонна Египет сүрішіне айырбастап 500 мың тонна совет мұнайын беру туралы келісім жасасты. Египет июльде Қытай Халық Республикасына 8 миллион Египет фунты мөлшерінде мақтаның ірі тобын сатты. Августта Египет пен КХР арасында көлемді сауда келісімі жасалды. Тіпті жақында ғана Египет осы келісімнің негізінде Қытай Халық Республикасынан бірқатар товарлар сатып алды.

Египет пен СССР арасында мәдениет және спорт байланыстары артып, нығай түсуде. Соңғы уақытта Совет Одағында Египет дәрігерлері мен журналистерінің делегациялары болды. 1954 жылы Египетте совет штангашыларының спорт делегациясы өнер көрсетті. Көзірлі уақытта бір топ совет артистері Египетте зор табыспен гастроль өткізуде.

Өз елінің тәуелсіздігін баянды етуге қажырлық жасай отырып, Египет үкіметі, премьер-министр Насердің мәлімдегеніндей, Египеттің ұлттық армиясын нығайтуға ұмтылуда. Бірақ өзінің өркендеген өнеркәсібі болмағандықтан, Египет ауыр қару-жарақты шетелдерден сатып алуға мәжбүр болып отыр. Жұырда Египет өкілдері Чехословакиямен сауда келісімін жасасып, Чехословакия Египетке мақта мен күріштің орнына қару-жарақ беруге келісті. Бұл келісім бірыңғай коммерциялық негізде жасалған және өкі жаққа да өзара тиімді. Солай бола тұрса да, АРШ-та, Англияда және Францияда Чехословакиямен

мерекелеуде

ХАНОЙ, 6 ноябрь. (ТАСС). Вьетнам Демократиялық Республикасының еңбекшілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығын зор өрлеу үстінде атап өтуде. Вьетнам информациялық агенттігінің хабарлауына қарағанда, республиканың түрлі қалалары мен селоларында бұл даңқты күнге арналған мерекелік митингтер мен көштер өтіп жатыр. Фотожурнальдер ұйымдастырылуда. Ханойда 4 ноябрьде Вьетнам-совет достығы қоғамы мен мәдениет министрлігінің инициативасы бойынша шақырылған еңбекшілердің жалпықалалық митингісі болған. Елдің ірі қалаларындағы өнеркәсіп орындары мен өндіріс орталықтарында — Ханойда, Хайфонда, Хонгкейде, Нам Динде әңгімелер өткізілуде. Оларда соңғы уақыттарда ССРО-да болып қайтқан Вьетнам деле-

гациясының мүшелері Совет Одағы туралы өз әсерлерін ортаға салуда.

Вьетнам газеттері совет халқының күресі мен өмірі туралы, Октябрь революцияның Вьетнамдағы август революциясына еткен аса зор әсері туралы, Вьетнам және совет халықтарының достығы туралы көптеген мақалалар жариялауда.

7 ноябрьде Ханойда және республиканың басқа қалаларында совет фильмдерінің фестивалі басталады. 8 ноябрьде вьетнам-совет достығы қоғамының ұлттық конференциясы ашылды, мұнда қоғамның өткен уақыт ішіндегі қызметінің қорытындысы шығарылады, вьетнам және совет халықтарының достығын онан әрі нығайту мақсатында жүргізілетін алдағы жұмыстардың жоспары жасалады.

Поляк халқы Ұлы Октябрінің 38 жылдығын атап өтуде

ВАРШАВА, 6 ноябрь. (ТАСС). Поляк халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығын кеңінен атап өтуде. Елдің қалалары мен селолары мерекелегідей безендірілген. Орталық аялаңдарда, көркікті үйлерде Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің, СОВИИ Орталық Комитеті Президиумы мүшелерінің, Польша мемлекеті басшыларының портреті ілінген. Ұрандар поляк халқы бейбітшілік жолында, социалистік құрылыстың салтанат құруы жолындағы күреске белсене қатысуға шақырады.

Кеше кешке елдің воєводтық орталықтарында Ұлы Октябрінің 38 жылдығына арналған салтанатты мәжілістер болып өтті.

Халықтық Польшаның еңбекшілері тарихи күнді атай отырып, дүние жүзіндегі бірінші социалистік мемлекетті жасаушы В. И. Ленинді еске түсірді. Варшавадағы, Краковтегі, Поровинодағы, Лениннің Мүзейлеріне экскурсия жасаушылар тасқыны бір толалар емес. Варшавада және елдің воєводтық орталықтарында Ұлы Октябрь социалистік революциясына арналған совет кинофильмдері көрсетілуде.

Венада Ұлы-Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс

ВЕНА, 6 ноябрь. (ТАСС). Кеше кешке Венада Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына байланысты Австрия Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Коммунистік партияның Венадағы ұйымының басшылығымен бірлесіп шақырылған салтанатты мәжілісі болды. Австрия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Франц Хонпер

Ұлы Октябрінің 38 жылдығы туралы баяндама жасады. «Біз өз еліміздің бостандықта, тәуелсіз, бейтарап болғаны үшін Совет мемлекетіне және оның бейбітшілік, халықаралық түсінісу саясатына, оның Австрияға деген шын пейілділік достығына көптен-көп борышты өкенимізді жақсы білеміз», — деді ол.

ШЕТЕЛДІК КӘСІПОДАҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАР ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫНЫҢ В. И. ЛЕНИН МЕН И. В. СТАЛИННІҢ МАВЗОЛЕЙІНДЕ БОЛУЫ

КБС-тың шақыруы бойынша Совет Одағында жүрген Венгрияның, Данияның, Монголияның, Румынияның, Уругвайдың, Чехословакияның, Шотландияның, Югославияның кәсіподақ делегациялары, Герман Демократиялық Республикасы мен Финляндияның жұмысшылар делегация-

лары, сол сыяқты Индия мен Францияның кәсіподақ делегациялары 1955 жылдың 8 ноябрінде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Мавзолейінде болды және гүлдер қойды.

Гүлдер қойғаннан кейін шетелдік қонақтар В. И. Лениннің Горькидағы Мүзей-үйінде болды.

тастығын онан әрі нығайта беруге қызмет етуге тиіс.

Бюро аналардың тұрақты комитеті өзінің жұмысында, аналардың балаларды соғыстан қорғау, қарусыздану және халықтар арасындағы достық мақсатымен шақырылған бүкіл дүниежүзілік конгресінің қаулыларын басшылыққа алады деп сенім білдірді.

Бюро 1956 жылы кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік Федерациясының инициативасы бойынша шақырылатын еңбекші әйелдердің халықаралық конференциясын қолдайтындығын мәлімдеді және өзінің ұлттық ұйымдарын бұл конференцияға лайықтылыққа белсене қатысуға шақырды.

Бюро әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы Советінің сессиясын 1956 жылдың басында шақыруды белгіледі.

Федерацияның атқару бюросының мәжілісіне қатысушылар миллиондаған адамдар атынан өздерінің төрт держава Сыртқы істер министрлеріне жазған хатында былай деп мәлімдеді: «Өз ғасырымызда көптеген қайғы көрген біздердің өз балаларымыз бейбітшілікке, соғыссыз, соғыс хауіпсіз өсуін талап етуге правомыз бар және міндеттіміз. Біз өзіміздің бұл өтінішімізде әйелдердің келісімге жеткізетін әрбір шараны, бейбітшілікті нығайтатын және халықаралық шиеленісті бәсеңдететін әрбір шараны құттықтайтынымызды еске алуларыңызға назар аударамыз».

Әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясының он жылдығына байланысты бүкіл дүние жүзінің әйелдеріне арналған Үндеуде атқару бюросы бүкіл әйелдердің бірлікті барған сайын нығайтуға, бейбітшілікті сақтау жолындағы әйелдердің праволары мен балалардың бақытын қорғау жолындағы өз әрекеттерін күшейтуге шақырды.

«Бізді бәлетін кедергілердің бәрін сыпырып тастап, — деген үндеуде, — біз дүние жүзінің әйелдері арасындағы достықты нығайта береміз және бірігіп мына мақсатқа жету жолында күрес береміз:

— Қарусыздану,

— Атом қаруына тыйым салу,

— Бейбітшілікке хауіп туғызатын барлық мәселелерді бейбіт келіссөздер жолымен шешу.

Біздің семьямыздың бақыты үшін, балаларымыздың бақыты үшін бірігейік; біздің правомызды қорғау үшін, лайықты өмір сүру үшін бірігейік.

(ТАСС).

үшін және шетелдік әскерлерді әдеті үшін күрескен ұйымдар құрылды. Ұлт-азаттық қозғалысы дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін — 1918—19 жылдары ерекше күшпен өрістеді. Бұл қозғалыс күшпен басып-түршіқтырылса да, дегенмен ұлт-азаттық күресінің күшеюінен шыншынған Англия Египетке өзінің үстемдігін жүргізу әдістерін өзгертуге мәжбүр болды.

1922 жылғы февральда Египет «тәуелсіз корольдік» деп жарияланды, ал бұл елдің үстінде 1914 жылы қойылған ағылшын протектораты сақталды. Бірақ осыдан кейін көп ұзамай Англия, өзінің Египеттегі позицияларын нығайтуға тырысып, оған «одақтастық договор» дейтінді күшпен қабылдады, бұл договор ағылшын әскерлерінің Египет территориясында болуын заң жағынан ақтады. 1936 жылы қол қойылған осы договор Египеттің түбірлі мүдделеріне қайшы келді, сондықтан Египет халқы оған батыл қарсы шықты. Бұл күрес әсіресе дүниежүзілік екінші соғыстан кейін ерекше кең көлемде өрістеді. Бүкіл елде демонстрациялар мен ереуілдер толқыны кеңінен таралды. Шаруалар арасында қобалжу басталды. Бірін-бірі жиі-жиі ауыстырған. Египеттің сол кездегі үкіметтері халық талаптарының қысымымен 1936 жылғы дого-

жетер, сонымен қатар мемлекеттік жерлер белгілі ақы төлеу жолымен жері аз және жерсіз шаруаларға бөлініп беріледі.

Египетте шетелдік монополиялардың отарлық саясат жүргізуі салдарынан өнеркәсіп нашар өркендеген. Солай бола тұрса да, Египеттің жаңа басшылары Египетті аграрлы елден өнеркәсіпті елге айналдыруды өздеріне міндет етіп қойып отыр. Бұл туралы Египеттің премьер-министрі Гамаль Абдель Насер сан рет мәлімдеді. Алға қойылған мақсатқа жету үшін Египеттің жаңа басшылығы елде ірі өнеркәсіп орындарын салуды жобаларын жасады.

Сыртқы қатынастар саласында Египет батыс державаларының соғыс блоктарына қатысудан бастарту саясатын жүргізуде. Ол «орташықтық командование» дейтінді құру туралы ұсынысты қабылдамай тастады, өйткені бұл «командование» араб елдерін Солтүстік-атлантикалық блоктің командованиесіне бағындыру мақсатын көздейді. Египет Багдад соғыс блогі дейтінге қатысудан бастартты, бұл блокке Түркия, Ирак, Пәкістан және Англия кіріп отыр, оған АҚШ-тың да кіретін ниеті бар. Египеттің жұртшылығы Иранның Багдад шартына қосылуға ұйғарған қарарын айыптады.

ет келісімін жүзеге асыруға жол бермеуді көздеген науқан басталды. АҚШ мемлекеттік секретарының жемекшісі Аллен Каирге келіп, мұнда Египет үкіметіне қысым жасауға және оны Чехословакиямен жасалған келісімді жоюға мәжбүр етуге әрекеттенді. Бірақ батыс державаларының әрекеттерін Египеттің ішкі істеріне араласқандық деп әділ бағалаған. Египеттің жұртшылығы бұл өрескел қысымды көкті ызамен серіп тастады. Премьер-министр Насер осыған байланысты былай деп мәлімдеді: «Египет еркін және тәуелсіз мемлекет болып табылады. Оның өзінің сыртқы саясаты бар... Египет ешқандай шетелдік ықпалға көнбейді және өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғай береді».

Египеттің бұл батыл қадамын барлық араб мемлекеттері қолдаула. Премьер-министр Гамаль-Абдель Насер, Совет үкіметінің шақыруына жауап беріп, біздің елімізде 1956 жылдың көктемінде болғысы келетін тілегін білдірді. Совет халқы бұл сапарды құттықтайды, өйткені бұл сапардың Совет Одағы мен Египет арасында экономикалық, мәдени және басқа әртүрлі достық байланыстарды ұлғайтып, нығайту ісіне қызмет ететіні күмәнсіз.

В. ДУГАНОВ.

Редактор **Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.**

ССРО МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КИНОПРОКАТ БӨЛІМШЕСІ облыс экрандарында



„ҰРПАҚ“

деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастады. Фильмді Польшада, Вроцлавск көркемфильмдер киностудиясы жасап шығарған.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЖАҢА ЖАҒАЛАУҒА»

Сеанстар сағат 6-15, 8-40 және 10-45-те басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҰРПАҚ»

Сеанстар сағат 9, 11-де басталады.

Булаевтың совхозаралық базасы таратылатын болғандықтан товарлар мен материалдарды қайта есепке алу жұмыстарын жүргізеді және 1955 жылғы 1 ноябрьге дейінгі жағдай бойынша совхоздармен және ұйымдармен есеп айырысады.

Барлық совхоздар мен ұйымдардың осы жылғы 10 ноябрьден кешікпей барлық есептерді қайта тексерулері сұралады. Жоғарыда көрсетілген мерзім өткеннен кейін ешқандай шағым-арыз қабылданбайды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02388

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.